

А 2015

3571к

Дандай ЫСҚАҚҰЛЫ

АРМАН

қуған 50 жыл





ОДИННАДЦАТИЛЕТЬЕ

Казан-Түлектеріміз



Альшариев К
М. М. Физики

Мамесеримов У
К. Д. Филология

Мугжанова А
З. А. Физика

Шарипова А
И. Физика

40 жыл



С. Шаймуратов

Бейсенбаев

1963

Университет

Камбаров

Басымбаев

Исханов А

Жураманов

Садыбаев

Жангаев М

Сазор

Т. Жангаев

Шажмаев К

Кусжанов Н

Сазор

Т. Убаев

Жушасаров К

С. А. Шаймуратов

Башмаев М

Барыбаев С

Жисмуратова А

С. А. Шаймуратов

Саянбаев Е

Қуатбекова Г
пр-ль астрономия

Шайбаев М

Әрпінбеков А

Саянбаев Е

Жабатаев

Оразаев

Дәулетбаева

Шайбаев Р

Сарыбаев

ШКОЛЫ ИМ. АЖАМБУЛА

Бодотбеникго тиракноця



ШАЙХРАТ НОВА
ЖАВУЧ

ОМБКУЛОВА
А.

МАХАТОВ К.
пр-ль математика

КУРБАЛИКОВ А.
пр-ль истории

Края



ШАЙХРАТОВА РАХИМ

САРСЫЛМАБАС
пр-ль рус. яз. + лит-ры

ЖАМАЛОВА У.

ЖАМАЛОВА З.

ЖАМАЛОВА К.

СЕЙТОВА А.

КУРБАЛИКОВ А.

ТАШТАРОВА

ИСАКУЛОВА З.

МАМАКОВ У.

НУРОВ Ш.

МУРГАБЕВ Н.

1964

МУХАМБЕТОВА Б.

КАСИМБЕКОВ М.

АБДУЛЛАЕВА У.

КЫЗБАЕВ Ш.

ОМАРОВ Ж.

БАТАМОН А.

МУХАМБЕТОВ Ш.

ЕРМАЛАНОВА А.

САРСЫНОВ А.

МУРГАБЕВ Ш.

МУХАМБЕТОВ Ш.

МУХАМБЕТОВ Ш.

МУХАМБЕТОВ Ш.

Дандай ЫСҚАҚҰЛЫ

АРМАН

қуған 50 жыл



Алматы
2014

УДК 821.0

ББК 83.3


Ы 18

ЫСҚАҚҰЛЫ Д.

Ы 18 **АРМАН қуған 50 жыл.** – Алматы: «Таңбалы»
баспасы, 2014. – 128 бет.

ISBN 9965-837-69-4

Кітапқа осыдан елу жыл бұрын Оңтүстік Қазақстан облысы Отырар ауданының орталығы Шәуілдір аулындағы Жамбыл атындағы орта мектепті бітірген түлектердің өмір жолдары арқау болған. Мектепте өткен оқушылық өмірдің ұмытылмас қызықты сәттері, бітіргеннен кейінгі тағдыр-талайлары, отбасылық, қоғамдық өмірде жеткен жетістіктері егжей-тегжейлі баяндалады. Сондай-ақ Отырар өңірінің, Жамбыл атындағы орта мектептің тарихына, осында сабақ берген ұстаздарына қатысты бірсыпыра қызғылықты мағлұматтар қамтылып, туған жерге, білім беріп ұшырған алтын ұяға деген ыстық сүйіспеншілікпен жазылған.



УДК 821.0
ББК 83.3

ISBN 9965-837-69-4

© Ысқақұлы Д., 2014
© «Таңбалы», 2014

АЛҒЫСӨЗ

Қадірлі оқырман! Қолдарыңыздағы кітапта қазіргі Отырар ауданының орталығы Шәуілдір аулындағы Жамбыл атындағы орта мектебін 1964 жылы тұңғыш рет он біржылдықпен бітірген түлектер, оларға дәріс берген ұлағатты ұстаздары, ауданымыздағы іргелі білім беру орны тарихының кейбір тұстары сөз болады. Бұл кітапта осыдан 50 жыл бұрын мектепті бітірген түлектердің қазіргі тұрмыс тіршілігі, отбасылық жағдайы, ұрпақтары, қай аймақта өмір кешіп жатқандығы, қандай қызметтер атқарғандығы туралы сыр шертілмек. Сондай- мектеп бітірген түлектердің мемлекет, қоғам алдында өз борыштарын қалай өтегендігі, мұғалім, дәрігер, қаржыгер-экономист, мемлекеттік қызметкер, кәсіпкер секілді түрлі салаларда атқарған қызметтері жайлы мүмкіндігінше кеңірек мағлұматтар беріледі. Амандық болса, осы кітап осыдан елу жыл бұрын мектепті бірге бітірген түлектердің әрбірінің шаңырағының төрінен орын алатын болады. Бірге өткізген оқушылық, жас, жастық, ақыл тоқтатқан, аталық кездеріңізді еске алып, өздеріңіздің ұл-қыздарыңызға, немерелеріңізге тәрбиелік мәні бар естелік кітап болатындығына кәміл сенеміз.

Біз білім алған қарашаңырақ Жамбыл атындағы орта мектеп ұлы Отырар жерінде орналасқанын мақтан тұтамыз. Отырар – қазақ өркениетінің алтын дінгегі. Бұл жерде бабтардың бабы – Арыстанбаб кесенесі орналасқан. Ежелгі Отырар ғылым, білімі дамыған қала болған. Әлемде теңдесі жоқ Александриядан кейінгі екінші кітапхана осында жұмыс істеген. Бұл жерде әлемге аты белгілі ғұлама ғалым Әбу Нәсір әл-Фараби дүниеге келіп, білім алып, еңбек еткен. Атақты Әл-Фарабиден кейін де отыз шақты Әл-Фараби шығып, ғылыми дәстүр жалғасқан.

«Адамға ең бірінші білім емес, тәрбие керек. Тәртіпсіз берілген білім – адамзаттың қас жауы. Ол келешекте адамзат өміріне оңат әкеледі» – Әбу Нәсыр әл-Фараби .

Ауданымыздың тарихында Шәуілдір каналының қазылуы, жерге су келуі, елді шоғырландырып, қолхоз құрылысын ұйымдастыру, егін шаруашылығын дамыту, мектептер ашу секілді қыруар жұмыстарды жүзеге асыруға мүмкіндіктер туды. Сөйтіп 1926 жылы Темір елді мекенінде бастауыш мектеп ашылып, оны алғашқы ұстаз Басов Бегім басқарды. Осы аралықта Абат, Кеңес бастауыш мектептері ашылып онда Ахметжан Насурлаев, Есжанов Әбдікерім, Оспанов Айдарша сабақ берді.

1935-1936 жылдары ауданымыз Түркістан ауданынан енші алып, Шәуілдір ауданы құрылып аудан орталығында Мирзоян мектебі дүниеге келді. Оның алғашқы директоры Исабай Жүзжанов, оқу ісінің менгерушісі Рахым Алишынбаев болды.

Алғашқы аудан құрылған жылдары, ауданның мақта шаруашылығы өркендеп, қол жеткізген жоғарғы көрсеткіштері арқасында Москва қаласындағы Бүкілодақтық халық шаруашылығы жетістіктері көрмесіне қатысты. Осы жылдары қазіргі екі қабат мектеп жайын Өзбекстан Министрлер кеңесінің төрағасы Ахунбабаев, Қазақ ССР Халық комиссары Темірбек Жүргенов Бүкілодақтық мақта өндіру жарысындағы табыстары үшін салдырып берген екен. Құрылыс жұмысын жүргізуде Халық комиссарының орынба-

сары, жерлесіміз Полат Айтменовтың тындырған еңбегі ерекше.

Мектепті алғаш бітірген түлектері қатарына Сәрсенбаев Нүрілда – философия ғылымының докторы, Нәдіров Бекболат – Қазақстанға еңбегі сінен мұғалім, Өкшебаев Таңқыбай – отан соғысының ардагері, Қасымбеков Қайсар – доцент, Жорытбасов Шайық орта мектеп директоры, тағы басқалардың есімдерін атауға болады.

Біз бітірген Жамбыл атындағы орта мектептің мақтан етерлік шәкірттері баршылық. Олардың арасында қоғам және мемлекет қайраткері Өзбекәлі Жәнібеков, Тараз, Ақтау қалаларында университет ректоры болған Әшімжан Ахметов, Бразилия, Аргентина, Чили мемлекеттеріндегі Қазақстанның төтенше және өкілетті елшісі Ордабаев Бахытжан Құтымұлы, Ленин орденінің иегерлері: ұстаз Сейіт Есенбаев, Айтбек Мұсаев, академиктер: Өмізақ Айтбаев, Түсеев Тұрқара, Дандай Ысқақұлы, ғылым докторлары Құлбек Ерғөбек, Оразхан Нұсқабаев, «Ана тілі» газетінің алғашқы редакторы, филология ғылымының кандидаты Жарылқап Бейсенбаев, сатирик Көпен Әмірбек, т. б. бар.

1963-1964 оқу жылында жаңадан енгізіліп жатқан он-біржылдық оқуды алғаш рет 46 оқушы бітіріп, қолдарына аттестат алып шықты. Сынып жетекшілері Өсербай Мамасеріков пен Құрманбай Әлиериев ағайларымыз болды. Бітірген оқушылардың бәрі малшы және егінші механизатор мамандығын алып шықты. Осы жылы еліміздің астанасы Алматы қаласына жоғарғы білім алу үшін аттанғандардың саны бұрынғы жылдарға қарағанда анағұрлым көп болды. Осы жылы мектеп бітіргендердің ішінде барлығы 21, оның ішінде 14-і Қазақстанның сол кездегі астанасы Алматыда оқып, білім алды.

Сол жылдары Жамбыл атындағы орта мектебінде ұзақ жылдар ұстаздық етіп, біздерге дәріс берген «Қазақ ССР-інің еңбегі сіңірген мұғалімі» Бекболат Нәдіров, «Қаз ССР халық ағарту ісінің үздігі» Аймахан Жанатаев, Қалжан Махатов, «Аға мұғалім» атағының иегері «Ауданның құр-

метті азаматы» Құрманбай Әлиериев, сол кісінің жұбайы осы атақтардың иегері Алмажан Мұғжанова, Өсербай Мамасеріковтердің еңбектері бағаланып, марапатталды.

Мектеп тарихында алғашқы «Алтын медаль» иегері Сейіл Романов болып, кейін бұл дәстүрді Мүсірәлиев Серік, Беркінбаев Тоқтасын, Құрмашев Ескендір секілді түлектер жалғастырды.

Бізбен бірге 1964 жылы бітірген түлектердің арасынан «Алтын медаль» иегерлері Бекмаханова Ұмсын, Жанабаев Маханбетхан Әділбекұлы, Нұров Төребай Еркінбайұлы, Төлебаев Серік «Күміс медаль» иегерлері Жамантаев Аман, Сүлейменова Әсия болды.

Әңгіменің ары қарайғы жалғасын кітаптан оқыңыздар...

Рысқұлбек ЖАППАРҚҰЛОВ,
қажы

1 бөлім

ӨМІР МЕКТЕПТЕРІМ

Жуырда ғана осыдан 50 жыл бұрын Шәуілдірдегі Жамбыл атындағы орта мектепті бітірушілердің кездесуі болады екен деген хабар келіп жетті. Мен де солардың бірі едім; бей-жай қала алмадым. Алдымен, осыдан біраз жыл бұрын сол біздің мектепті бітірген академик Өмірзақ Айтбаевтар елу жылдығын өткізіпті деп естігенде, «Оһо, жарты ғасыр, қаншама ұзақ уақыт, бітіргендердің қаншасы кезесуге келе алды екен» деп, ойланғаным есіме түсті. Содан кейін «біздің мектеп бітіргеніміз күні кеше ғана еді ғой, уақыт қалай білдірмей жылдам өтіп кеткен» деп, таң қалдым. Сол бір осыдан елу жыл бұрынғы оқушылық өмірдің санада сарғая бастаған кейбір сәттері еске бастады.

... Иә, осыдан дәл елу жыл бұрын қазіргі Оңтүстік Қазақстан облысы Отырар ауданының орталығы Шәуілдірдегі Жамбыл атындағы орта мектепті елуге жуық түлек бітіріп шықты. Олар: *Жайсанкүл Әбілдаева, Жарылған Бейсенбаев, Ұмсын Бекмаханова, Жанаш Бозшабаев, Оразкүл Ермаханова, Махамбетхан Жаңабаев, Рысқұлбек Жаппарқұлов, Шырынбек Жортуылов, Қуандық Жүзжасаров, Әсем Исақұлова, Тасболат Киізбаев, Гүлшаһар Қайназарова, Сұлтан Қамбаров, Мыңжасар Қасымбеков, Сайлау Көзжанов, Қысмұратова, Өмірбай Момбеков, Аман Нұрлыбеков, Төребай Нұров, Жолдыбай Омаров, Абылайхан Орынбеков, Жанәділ Пазылбеков, Жібек Пәрменқұлова, Асқар Рәтқұлов, Базарбай Садыбаев, Есенғали Садықбеков, Серікбай Сахов, Әлеи Сәрсенов, Айымкүл Сейітова, Әсия Сүлейменова, Клара*

Тастанбекова, Қалмырза Тәжібаев, Құткенже Тұрғанбаева, Құрманәлі Тұрлыбеков, Нұрғали Тұяқбаев, Рысты Толегенова, Серік Төлеубаев, Құрманәлі Тұрлыбеков, Айша Оразбекова, Жәмила Шақбаева, Тоқтасын Шотыбаев, Райгүл Шырдабаева, Дандай Ысқақұлы.

Осылардың ішінде Ұмыс Бекмаханова, Махамбетхан Жаңабаев, Төрөбай Нұров, Серік Төлеубаев алтын, Амантай Жамантаев пен Әсия Сүлейменова күміс медаль иегерлері атанды.

Мектеп бітіргендердің көпшілігі жоғары оқу орындарына атанды. Олардың кейбіреулері сол жылы бағы жанбай, келесі жылы оқуға түсті. Біразы сол кезге тән комсомолдық үндеумен екі жылға ауыл жұмыстарына қалды. Тіпті түрлі жағдайлармен оқуға бара алмай, мектепте алған механизатор мамандығы бойынша жұмыс істеп қалғандар да болды.

Елу жыл аз уақыт емес. «Бәрі де – уақытынша», «Мәңгілік ештеңе жоқ», «Өмір барда өлім бар» деген сияқты өмірдің қатаң заңдарына біздің тобымыз да ұшырап, қатарымыз біршама селдіреп қалыпты. Мектеп бітіргенімізге жарты ғасыр өткен соң, өткелі отырған сағынышты бас қосуымызды күтпей, *Нәсір Әбусейітов, Жанайдар Бозшабаев, Ақмолда Дербісов, Қуандық Жүзжасаров, Есенкүл Жұмабекова, Сайлау Көзжанов, Сұлтан Қамбаров, Мыңжасар Қасымбеков, Жолдыбай Омаров, Айша Оразбекова, Құрманбай Оразгелдиев, Аман Ордабаев, Абылайхан Орынбеков, Жібек Пәрменқұлова, Серікбай Сахов, Базарбай Сыздықов, Клара Тастанбекова, Қалмырза Тәжібаев, Құткенже Тұрғанбаева, Нұрғали Тұяқбаев* бақилыққа асығып, сол жаққа ертелеу аттанып кетіпті.

* * *

«Атқан оқтай, шапқан аттай» зымыраған уақытқа ілесіп, өмір-өзеннің ағымымен ағып, біз де біраз жерге келіп қалыппыз. «Өзіңнен кейінгілерді көріп, қартаясың» деп отырушы еді бұрынғының кемпір-шалдары. Біз мектеп бітіргелі де елу рет мектеп бітіру кеші өтіп, сонымен бірге біздің

білім ұясына ұшып шыққанымызға да осыншама уақыт болып қалыпты.

Елу жыл дегеніміз, жарты ғасыр емес пе!? Не деген ұзақ уақыт. Уақыт неткен жылдам еді! Оңтүстік Қазақстанның Отырар ауданындағы Жамбыл атындағы орта мектепті бітіріп, қолымызға аттестат алып, улап-шулап қол ұстасып тұрып, «Армандастар», «Достарды» әнін ұзақ шырқап, бір-бірімізбен қимай қоштасып, өмірдің сан тарау жолдарына түскеніміз күні кеше ғана еді.

Әңгімені басынан бастап, елу жыл кейінге шегініс жасап, сол бір кездердегі 15-18 жастағы жалындаған жастық кезімізге бір оралайық. 1961-жылдың жазында жер-жердегі алыс ауылдардағы орталау мектепті бітірген бір талай оқушы күзгі қыркүйекте аудан орталығы Шәуілдірдегі (аңызда Шәміл деген жігіт Дүр деген қызға ғашық болып, екеуі көптеген кедергілерді жеңіп, осы айдалаға келіп, қоныс тепкен екен; кейін екеуі өсіп-өніп, олар тұрған жер Шәмілдүр, Шәуілдір атанған екен дейді) Жамбыл атындағы орта мектепке келіп, оқуын ары қарай жалғастырды. Солардың қатарында орталықтан сегіз шақырымдағы бұрын Фараб, Отырар аталып, Шыңғыс ханның шабуылы кезінде қираған тарихи қала қирандысына жақын орналасқан Қоғам аулындағы орталау мектепті бірге бітірген Гүлшахар, Жібек, Тоқтасын, Сәрсенбай, Манаптармен бірге мен де осы мектептің 8-ші сыныбында оқуымды жалғастырдым.

«Кіндігімнің жас қаны,
Тамған жерім – ауылым.
Жастығымның куәсі,
Шұрқыраған ауылым».

Ол кезде бүкіл Отырар өңірі бойынша үш-ақ орта мектеп болды. Оның бірі Темір теміржол бекетіндегі осы өңірде алғаш (1926) рет Бегім Басов ашқан оқу орны да, екіншісі Сырдың арғы бетіндегі малды өңірде орналасқан Шәуілдір совхозындағы М. Әуезов атындағы Қаракөл орта

мектебі-тұғын. Ал біз оқуға келген Жамбыл атындағы орта мектепті Оңтүстік Қазақстан облыстық партия комитетінің 1934 жылғы 27-желтоқсан күнгі №27 қаулысымен Шәуілдір ауданын құру туралы ұсынысына орай 1935 жылдың 9-шы қаңтарында Бүкілодақтық Орталық Атқару Комитетінің шешімімен Шәуілдір Түркістан ауданынан бөлініп, өз алдына отау тігіп, жеке аудан болып құрылғанда, Өзбекстанның сол кездегі басшыларының бірі Ахунбабаев достық көмек ретінде 1935 жылы салдырып берген екен. Алғашқы қарлығаштарын үлкен өмірге 1946 жылы ұшырған мектептің біз жалпы 23-ші, ал он бір жылдық бойынша 1-ші ретті түлектері болыппыз. Мектептің бірінші бітірушілері қатарында бізге сабақ берген Қалжан Махатов ағайымыз да болыпты.

«Бір ауылдың түлеп ұшқан жастары едік,
Бір дәуірдің мөлдіреген аспаны едік.
Бәріміз де жазылмаған дастан едік,
Армандастар – құрдастар».

(Н. Әлімқұлов)

Оқу басталған алғашқы күні сырттан келген жаңа оқушыларды бұрыннан жұмыс істеп келе жатқан сыныптарға бөлді. Сонда сынып жетекшілері сырттан келгендердің ішіндегі жақсы оқитындарды өздеріне алуға тырысып жатты. Әсіресе Қоғамнан келген Шотыбаев Тоқтасынға келгенде, 8-ші «А» мен «Б» сыныптарының жетекшілері Ө. Мамасеріков пен Қ. Әлшериев ағайларымыз «мен аламын, мен аламын» деп, таласыңқырап қалды. Сөйтсек, Тоқтасынның Сапаркүл, Ұлтаман деген әпшелері осы мектепте үлгілі тәртібімен көзге түсіп, үздік оқып, екеуі де медальмен бітірген екен...

Мектептің жанында аулы алыстарға арналған интернат жұмыс істейтін. Сол жатақханада Қоғам, Талапты, Қарғалы, Отырар, Шілік, Қарақоңыр, 37-ші разъезд сияқты ауылдардан келіп, 8-сыныпта оқуларын жалғастырған Қуандық,

Құрманәлі, Құрманбай, Жанәділ, Жібек, Ұмсын, Ақмолда, Молдалы, Махамбетхан, тағы басқалармен бірге жаттық.

Аудан орталығына жақындау жатқан Коммунизм, Ынта-лы, Қызыл Түркістанның балаларына ауылдарың жақын деп, жатақханадан орын берілмейтіндіктен де олар қысы-жазы жаяу қатынап оқитын. Әсіресе Жарылғаптың мек-тептен 4-5 шақырым жердегі Коммунизмнің Шлюзінен қысы-жазы велосипедпен қатынап оқығаны есте қалып қойып-ты. Қатты қар түсіп, велосипеді жүре алмай қалғанда ғана бораннан ықтау оман арықтың ішіне түсіп алып, жаяу тартатын.

Ал темір жол бойындағы 37-ші разьезде тұратын Ма-хамбетханның демалыс күндері аулына барып келуі «ерлік пен ептілікке» толы болатын. Олар пойызбен қатынайтын. Қатынағанда, жол-жөнекей кез келген пойызға мініп кете беретін. Жүк пойызына жармасып мініп, әсіресе қыстың көзі қыраулы кездерде ашық тамбурда екі-үш сағат түре-геліп тұрып, жолаушылар пойызы кездескенде, вагонның үстінде келіп, Темір станциясынан түсіп қалып, одан Шә-уілдірге әйтеуір, амалдап жүріп жететін. Пойыз станцияға тоқтамай өтіп бара жатса, секіріп түсетін. Мұның да не бір айла-тәсілдерін шебер меңгерген Маханбетхан жүйткіп ба-ра жатқан пойыздан домалай секіріп, еш жерін ауыртпай, үстін қаққан күйі орнынан тұрып, дым болмағандай, жүріп кете беретін.

Күн жылып, жер қарайып жол ашылса-ақ болды, біз де ауылдан велосипедпен қатынаушы едік. Ол кездегі жолдар асфалтталмаған, тіпті тас та төселмеген нағыз «натураль-ный» қара жол болатын. Біз үшін он шақырым жерден ве-лосипедпен қатынау біршама қиындықтар туғызғанымен де соның өзін жастық шақтың жалындаған қызуымен шы-ғар, екінші жағынан жол бой қызықтармен онша сезіне бермейтінбіз. Жол қызықтары деп отырғаным, ауылдан мек-тепке дейін, қайтарда мектептен үйге жеткенше, велосипед-пен жарысатынбыз. Ойлы-қырлы, шаңы бұрқыраған кара

жолмен жарыса құйғыту біз үшін бір ұмытылмас сәттер болатын. Шаршау дегенді білмеуші едік.

Қыс қызығы да жеткілікті болатын. Алыс ауылдан келетіндердің көпшілігі қыста интернатта жатып, жексенбідегі демалысқа ғана үйіне баратын. Жоғары сыныптар түстен кейін оқитын болғандықтан да сенбі күнгі соңғы сабақтан кешкі сағат алты жарымда босап, ақ қар, көк мұзға қарамай, ауылға қарай шұбайтынбыз. Көбіне жаяу тартатынбыз. Ол кезде жеңіл машина түгілі, жүк көліктерінің өзі ілуде біреу ғана болатындықтан да жол бойында мүлдем ұшыраспайтын. Кейде жол жағасында жайылып жүрген бірлі-жарым ешектер кездесіп қалса, қамалап жүріп ұстап алып, екі-үшеуден мінгесіп, мәз-мәйрам болып, жолымыз болғандай қуанып қалатынбыз. Шаршап-шалдығып, жаурап-жасынап, түннің әлде бір уақытында үйімізге жетіп, сағынып қалған әке-шешемізді, бауырларымызды көріп, қауышып, мауқымызды басып, мәре-сәре болушы едік.

Ауылдан қайтқанда, ата-аналарымыз асхана жұмыс істемейтін дүйсенбі күндері, не болмаса «қарындарың ашқанда, жерсіндер» деп, құрт, май, тары сияқты «балаларым жесін» деп, өздерінің тамақтарынан өтпей, тығып сақтап жүрген жеңсік астарын қоймай беріп жіберетін. Оларды интернатта сақтайтын жер жоқ. Сондықтан әркім «өзінше» сақтайтын. Кейбіреулер «базарлықтарын» ауылдары ұзақ, көлік жоқ болғандықтан да бара алмайтындармен бөліссе, енді біреулері өздері бірдеме қылып сақтап, «күндерін көретін».

Бірде мынадай бір оқиға болды. Ауылдан келген бір кластасымыздың үйінен құрт, ет, сарымай алып келгенін жанындағылар көреді. Оларға «ауылдықтан дәм татыңдар» демейді. Бір береді, екі береді, жұртқа қашанғы бере берсін. Сонымен, ол күн сайын балалар әбден ұйқыға кетті-ау дегенде барып, орнынан ұрланып тұрып, «тыққан-пыққанын» оңаша жеп, «күнін көріп» жүреді. Бұған әбден ыза болған қатар жатқан достары оны қатырмаққа, яғни бір жерде тығулы жатқан жеңсік асты тауып алып, өздерінше жайғастырмаққа бел буады. Сөйтіп, бір күні иесі әбден ұйықта-

ды-ау деген кезде іске кіріскендер қанша іздесе де таба алмайды. Бір күн іздейді, таба алмайды; екі күн іздейді таба алмайды. Іздегендері таптырмай, оны қайда тыққанын біле алмай, әбден сарсаң болады. Не керек, әйтеуір кездейсоқ тауып алады. Сөйтсе, іздегендері аяқтың шуасы мүңкіген шұлғауға ораулы күйінде етіктің ішінде тығулы жатыр екен...

Интернатта Қ. Махатов, Ә. Қылышбаев сияқты ағайларымыз тәрбиешілік жасады. Жатақхананың ішкі ережесі бойынша түнгі сағат оннан бастап, барлық жүріс-тұрыс тоқтап, ұйқыға кетуге тиіс. Тәрбиешілер түнгі сағат онға дейін болып, барлығын жатқызып қайтатын. Олар кеткеннен соң барып, интернаттың нағыз түнгі өмірі басталатын. Жатақтың түнгі тіршілігінде әсіресе, біздің кластасымыз Молдалы түнімен жатпай, белсенділік танытатын. Жоғарыда айтылған шуаш шұлғауға оралған құрт-майды тауып алған да осы Молдалы Мырзалиев болатын.

Интернатта ас дайындайтын арнаулы орын болмағандықтан, онда жататындар үш мезгілгі тамағын аудандық парктің жанында орналасқан орталық асханадан тамақтанатын. Асхананың меңгерушісі Сұлу апай өте бір мейірбан, жақсы кісі еді. Ылғи да «қарындарың ашып қалмасын, тойып ішіндер» деп, қамқор болып жүретін. Белгіленген нормаға сай өлшеніп берілетін тамаққа қанағаттанбай қалғандарға қосымша тамақ бергізіп жататын. Сөйтіп, Сұлу апай мектеп жатақханасында жатып, сол кездегі аудан орталығы Шәуілдірдегі осы жалғыз асханадан тамақтанатын оқушылардың барлығының да екінші анасындай болып кетіп еді.

Жатақханадан асханаға баратын жол парк арқылы, оның ішінде орналасқан жазғы кинотеатрдың жанынан өтетін. Қыркүйек айының басы, оқуға жаңадан кірісіп жатқан кез. Бір күні ертеңгі астан қайтып, парктің жанынан өтіп бара жатқанымызда, қасымда келе жатқан Манаптың ашық-шашық жатқан парктің ішінде босқа жанып тұрған лампочкаға көзі түсіп, қуанып кетті. Сөйтсем, жатақханада біз жататын бөлменің лампочкасы күйіп кетіп, қараңғы бөлмеде тұрып жатқан болатынбыз; Манап соған мынау босқа тұрған

лампочканы алып, пайдаланбақшы болған екен. Әп-сәтте секіріп, ішке кірді де кетті. Лампочканы алып, мәз болып, клубтан шыға бергенде, қайдан келіп қалғанын байқамай қалыппыз, сол клубтың меңгерушісі Әбіләкім Оспанқұлов келіп, Манапты шап беріп ұстай алды. Қолдан жетектеген күйі мектеп директорының алдынан бір-ақ шығарды. Сонымен не керек, жатақхананы жарықпен жабдықтаймын деп жүрген Манаптың интернаттағы орнын босатуына тура келді. Жатып оқитын жері болмағандықтан ол мектеппен де қош айтысты.

Осы бір оқиға маған қатты әсер етті. Манаптың жатақхананың бөлмесіне деп, күзгі күні жұмыс істемей тұрған жазғы клубтың босқа тұрған лампочкасын алғанының мұншалықты насырға шапқандығына, оның қасында жүрген менің қалып, оның оқудан шығып кеткендігіне өзімді бір кінәлідей сезініп, көп уақыттар бойы мазасызданып жүрдім.

Ал, оқуын тастауға мәжбүр болған Манап ауылға кетіп, трактордың рөліне отырып, жастай еңбекке араласты. Біздің арамыздағы достық қарым-қатынастар бұрынғысынша жалғаса берді. Жаны жайсаң, жүрегі таза, адамгершілігі мол Манап адал еңбек ете жүріп, озат атанды. Сонымен, тоғызыншы сыныпта оқып жүргенімде, аудандық газеттің бетінде менің «Озат тракторист» тақырыпты мақалам жарық көрді. Мұнда мен өзімнің досым Манаптың елеулі еңбегін оқырман қауымға паш еткен болатынмын. Сонымен бірге бұл менің шығармашылық жолымды бастаған алғашқы мақалам да еді...

Ол кездерде мектеп оқушыларын ауыл шаруашылығы жұмыстарына жиі апаратын. Көктемгі егінді арам шөптерден тазарту, шабық, мал төлдету, сақпан, қой қырқымы сияқты науқандар оқушылардың қатысуынсыз өтпейтін. Шаруашылық жұмыстарына оқушылар сабақтан тыс кезде көмектесетін; кейде, әсіресе күзгі науқан кездерінде бір, екі айға дейін сабақтан босап, жиын-терімге қатысатынбыз. Өтілмей қалған дәрістерді сабақтардың барысында кейін

қосымша өтіп, жылдың аяғында жоспарланған тақырыптардың барлығын да қуып жетіп, үлгеретінбіз.

Ауыл шаруашылық жұмыстары оқушылардың толық білім алуына кедергі жасағанымен де оның пайдалы жақтары да жеткілікті-тұғын. Мұның бір жағынан, оқуда биологиядан өткен сабақтарымызды іс жүзінде көрген тәжірибе, өмірмен танысу болса, екінші жағынан, еңбекке толы нағыз өмірдің қиындықтар мен қызықтарға толы соқпақтарымен жүріп, шынығу да болатын. Бұл ауыл балаларының кейде білім жағынан ақсап жатқанымен де олардың еңбек ете білуге, еңбекке шынығып өсуіне, өмірдің қиындықтарын жеңе білуге бейім болып жетілуіне келгенде, таптырмайтын мектеп еді...

8-сыныпта қараша айының ортасына қарай бізді Мақтарал ауданының Славянск совхозына мақта теруге алып барды. Бұл көпшілігіміздің үйден, ауылдан алғаш рет ұзап шыққанымыз болғандықтан біраз қиналдық та. Бәріміз де ауылды сағыныппыз. Біздің мақта теріп жатқандығымызды қадағалап жүретін мұғалімдердің көзін ала бере биіктеу мақта қозасының тасасына тығыла отырып, әке-шешемізді, бауырларымызды сағынғанымызды айтып, сырласатынбыз. Бұл біздің бойымыздағы ата-анаға, жақындарымызға, туған жерге деген алғашқы махаббат сезімдерімізді сезінген кезіміз болса керек.

Сонымен, сағыныш сезімдеріне толы мақта терген күндер өтіп жатты. Сондай күндердің бірінде Жанаш, Сұлтан, тағы бірнеше оқушы болып, мұндастық. Бәріміз де ауылды қатты сағыныппыз. «Қашан қайтар екенбіз» деп, қайтар күнді асыға армандадық. Бір кезде бұрын ауылдан ұзап шықпаған, үйін сағына әбден төзімі де, шыдамы да таусылған Жанаш «сауап, сауап» деп, екі қолымен басын соққылай берді. «Пәйіз сорлы айтып еді, «сұрап, алып қалайын» деп. Болмаған – өзім сорлы ғой... Сауап, сауап»-деп, еңіреп жылап жіберді. Жанашты бәріміз жабылып жүріп, сабасына әрең дегенде түсірдік...

Токтасын мен Сәрсенбай да ауылды қатты сағынды. Бір ауылдан болғандықтан да үшеуміз көбіне бірге жүретінбіз. Бір күні ауылды әбден сағынған Сәрсенбай «ауылға қашайық» деді. Оны Токтасын қолдады. Қашуға мен қарсы болдым. Өйткені, жол бойының барлығында қаптаған милициялар өткен-кеткендердің құжаттарын тексеріп, «пәлен кило мақта теріп беріп, кетесің» деп, әкеліп жұмысқа салатын. Оның үстіне қалтамызда жолға жетерлік ақшамыз да жоқ, жолды да онша біле бермейміз. Сонымен олар мені мақтадан қашуға үгіттей бастады. Менен ештеңе шықпайтынына көздері жеткен соң, бір күні түн жарымында мені оятып, «біз ауылға қашамыз» деп, қоштасып, екеуі жолға шығып кетті.

Таңертең ұйқыдан тұрсақ, біз жатқан мектеп үйінің алды абыр-сабыр; милициялар жүр. Сөйтсек, түнде мақтадан қашқан Сәрсенбай мен Токтасынды Славянскінің жанындағы Киров каналының үстінен өтетін жолдағы милиция тұратын көпірден таң атқанша өте алмай, мақтаның арасында тығылып жатқан жерінен ұстап, алып келіпті... Содан екі «қашқынның» іс-әрекетін қызу талқылаған жиналыс өтті... Осы оқиғадан кейін «мақтадан қашайық» деген сияқты әңгімелердің барлығы да тоқтады.

«Асау өмір арнасында,
Шалқып сәби сезімменен.
Он жыл мектеп партасында,
Бірге отырдым өзіңменен».

(М. Шаханов)

Бізді оқытқан мұғалімдердің ішінде әсіресе, Қалжан ағай әрі мұғалім, әрі интернатта тәрбиеші болғандықтан да сабақ үстінде жатақханада жататындарға ерекше «назар» аудартатын. Математикадан сабақ беретін ағайымыз «алдымен, өзімнің бақпандыларымнан сұрап алайын» деп, үйге берілген тапсырмалардың орындалған-орындалмағанын тексеруді жатақханада тұратындардан бастайтын. Ағайымыздың

бұл «қылығын» алғашында онша жақтырмай жүрсек те біртіндеп-біртіндеп бұған да үйреніп, әр сабаққа үйде міндетті түрде дайындалып келіп, жауап беруге әзір отыратынбыз. Мұның өзі бізге математика сияқты күнделікті дайындықты қажет ететін қиын сабақты ойдағыдай игеріп кетуімізге айтарлықтай әсер етті.

«Өзіңнен өмірге азық ала бердім,
Ұшырып мені алысқа қала бердің.
Бойымда отың кетті ұшқын атқан,
Келеді жана бергім, жана бергім!».

Жалпы, біздің мұғалімдерден салымымыз болды. Орталықта орналасқан мектепте бір ауданның өңшең ығай мен сығай мықты ұстаздары дәріс беретін. Солардың ішінде қазақ әдебиетінен «Қазақстанның еңбек сіңірген мұғалімі» Бекболат Нәдіров, Көмекбай Мұсаев, физикадан Құрманбай Әлшериев пен Алма Мұғжанова (мектепке келерде де, мектептен кетерде де ылғи да қолтықтасып бірге жүретін ерлізайыптыларға қызыға қарайтынбыз), математикадан Қалжан Махатов, Аймахан Жанатаев, тарихтан Құрманбек Абдуллаев, Әлшері Құрманбаев, химия мен биологиядан Әли Шәймерденов, Келдібек Жабатаев, Іскендір Пернеев, сызудан Асан Бейсенгіров, орыс тілінен Файзолла Сүгірбаев, Нұрмахан Өміров, машинатанудан Жахан Дербісов, денешынықтырудан Шүкіртай Қалилаев, Сұлтан Барлыбаев, астрономиядан Гүлжаһан Қуатбекова, тағы басқалар дәріс оқыды.

Мектептің директоры кезінде аудандық партия комитетінің үшінші хатшысы қызметін атқарған Күләйхан Шәріпова болатын. Химиядан сабақ берген Әли Шәймерденов ағайымыз бұрын аудандық партия комитетінде қызмет істеп келгендіктен бе, қайдам, сабақ үстінде аса талапшыл еді. Негізінен, іскерлік қабілеттеріне байланысты болса керек, екінші жағынан, сол кездегі орыс тілді мамандардың жетіспеушілігі де бар шығар, орыс тілі мен әдебиетінен сабақ

берген Файзолла мен Нұрмахан ағайларымыздың екеуі де қызмет бабымен жоғарылап кетті; ұмытпасам, Ф. Сүгірбаев ағамыз аудандық атқару комитетінің жауапты хатшылығына, ал одан біраз жас Н. Өміров аудандық комсомол комитетінің хатшылығына жоғарылады. Асан Бейсеңгіров ағайымыз аудандық оқу бөліміне жоғары қызметке ауысты.

Біз осы ұстаздарымызды үлгі етіп, осы кісілерден өмірлік білімдерді үйреніп өстік. Өйткені, біз алдын көрген мұғалімдердің барлығы да адамгершілігі жағынан да, білімі жағынан да, оқушылармен қарым-қатынасы, тіл табысуы сияқты барлық жағынан да үлгі тұтарлық, ұстаз деген ұлы атауға лайықты жандар еді.

Сегізінші сыныпта қазақ әдебиетінен Көмекбай Мұсаев сабақ берді. Алғашқы сабақ болатын. Қай сабақтан қандай мұғалімнің беретінін білмейміз, тіпті мұғалімнің өздерін де танымаймыз. Бір кезде класқа сұңғақ бойлы, талғаммен киінген келісті келген жігіт ағасы кіріп келіп, өзін таныстырды да бірден сабаққа кірісіп кетті. Алдымен, бүгінгі өтілетін сабақтың тақырыбын «Қозы Көрпеш Баян сұлу» деп, ірі әріптермен тақтаға көркем етіп жазды. Әсем жазу өрнегімен бүкіл тақтаны толтырып жазылған «Қозы Көрпеш Баян сұлу» деген сол бір төрт-ақ сөз сурет болып күні бүгінге дейін көз алдымда калып қойды.

«Сегіз қырлы бір сырлы» көрінетін Көмекбай ағайымыз күй тартқанда, әсіресе Құрманғазының «Сарыарқа» күйін сарқыратқанда, ерекше бір күйге енетін. Ол кезде «Сарыарқа» түгілі жай күйді тартатындардың өзі некен-саяқ болатын. Осындай жан-жақты өнерлі ағайымыз кейін аудандық мәдениет бөлімін басқарды.

Соңғы сыныптарда қазақ әдебиеті сабақтарын Бекболат Нәдіров ағай өткізді. Бұл ағамыз әдебиетпен бірге аудан өңіріне қатысты мәселелерге келгенде, білмейтіні жоқ болатын. «Шәуілдірдің шежіресі» іспеттес ағамыз сабақтардың арасында өлкенің, елдің тарихына, шежіресіне, елден шыққан елеулі ерлерге қатысты не бір әңгімелердің тиегін ағытатын. Ол кісінің білмейтіні жоқтай, тіпті алдында көздері

жәудіреп отыратын оқушыларының жеті атасына дейін түгел білетіндей көрінетін.

Бірде Бекболат ағайдың сабағына кластасымыз Ә. жөнді дайындалмай келіпті. «Неге сабаққа дайындалмадың?», «Неңе жетісіп, бүйтіп жүрсің?» деп, жайымен ұрыса бастаған ағайымыздың сөзінің соңы бүкіл сабақ бойы Ә-нің жеті атасын таратуға жалғасып кетті. «Сенің әкең – пәленше, ол өйткен, атаң – пәленше, ол өйткен, үшінші атаң – пәленше, ол өйткен» – деп, жетінші атасына дейін орағытып барған ағамыз «Сонда сабақ оқымайтын сен кімсің?» – деп, әңгімені төтесінен бір-ақ қайырды. Осындай әңгімені естіген Ә. де, біз де кейін қаһарына ұшырап қалмайық деп, Бекболат ағайдың сабақтарына дайындалып келіп жүруші едік.

...Әдебиет сабағы өтіп жатқан. Ағайымыз үйге жаттауға берілген Абайдың «Сегіз аяқ» өлеңін қалай орындап келгенімізді шетімізден түгел тақтаға шығарып, тексеріп жатты. Көпшілігіміз өлеңді жаттап келіп, тиісті бағаларымызды алып жаттық. Арамызда өлең ұзақ болғандықтан да түгел жаттап үлгермегендер де шығып жатты. Бір кезде тақтаға Сұлтан Қамбаров шақырылып, өлеңді жатқа айта бастады. Біразын айтып келіп,

«Қысылды жүрек,
Тарылды көкірек»

деген тармаққа келгенде кібіртіктеп, шатасып қалды да аузына түскен осы жолдарды қайталай бергенін өзі де сезбей қалды. Сол кезде Бекболат ағай:

– Сұлтан, сен дұрыс айтып тұрсың. Сенің жүрегің қысылып, көкірегің тарылып тұрғанын көріп тұрмын, отыр – дегенде, ішінен тынып отырған оқушылардың ду күлгені бар.

Тарихтан берген Құрманбек Абдуллаев пен Әлшері Құрманбеков екеуі де Ұлы Отан соғысына қатынасқан, жаракаты бар ағайлар еді. Сабақ бергенде, ағайларымыздың соғысқа қатынасқандығы білініп тұратын. Дәріс өту бары-

сында Құрманбек ағамыз «женді» деген сөздің орнына ылғи да «мәжбүр етті», «тізе бүктірді» деген тіркестерді жиі қолданатын. Қапсағай денелі Әлшері ағайымыздың сабақтарында тырп етпей, тыныш отыратынбыз. Ол кісінің қолында ылғи да тактада ілулі тұрған картадан көрсету үшін қолданатын ұзын таяқшасы болатын. Кей кездерде тыныш отырмаған баланы сол таяғымен салып қалатын...

Келдібек ағайымыз сабақтардың арасында Құлшай деген біреудің басынан өткен күлкілі, әпенделік оқиғаларды жиі айтатын. Сөйтсек, Құлшай ағайымыздың қатты әзілдесетін, жастайынан тай-құлындай тебісіп, ұрсып-таласып дегендей, бірге өскен құрдасы екен.

Сол Құлшайды да көрдік. Оқудан босатылып, Қызыл Түркістан ауылында жүгері теріп жатқанбыз. Жүгерілікке беларусь тракторына тіркеген тележкаға мініп барып, қайтамыз. Бір күні қара жолмен шандатып, ауылдан жүгерілікке қарай кетіп бара жатқанбыз. Бір кезде қаптал тұстан айғайды салып, атпен шауып келе жатқан біреу көрінді. Бізге жақындай бере тракторшыға тоқта деген белгі берді. Тракторшы біраз жерге дейін тоқтамай жүріп еді, жарыса шапқан қуғыншы қалмай қойған соң, сәл кідірді. Аттылы тракторшыдан бірдеңе сұрады да, жүгері теруге бара жатқан оқушылар отырған жаққа қарай бұрылды. Тележканың алдыңғы жағында отырған Келдібек ағайымызға жақындап келді де, төбесінен қолымен бір салып қалып, атының басын кейін қарай бұрып, құйғытып шауып ала жөнелді. Не болғанын білмей, аң-таң болып қалдық.

Күлейік десек, ағайымызға күле алмаймыз. Не болғанын сұрайық десек, тағы да ыңғайсыз. Өстіп, аң-таң болып отырғанымызда, ағайымыздың «Әй, ку Құлшай-ай, қап, сені ме!» дегені. Сосын барып «Мен айта беретін Құлшай осы» деді. Сонда ғана барып, ағайымыздың айтуынан құлағымыз әбден сіңіп, таныс болған Құлшай құрдасы осы кісі екендігін білдік. Сөзге шешен, әзілге мықты Келдібек ағайымыздың әзілдесіп, сөз қағысытырып жүрген досының да осал кісі емес екендігіне көзіміз жетті. Шындығында да

ауылдың қарапайым жұмысшысы Құлшай да анау-мынау адамның сөзіне дес бермейтін, керек десеніз, жоғары білімі, қызметі бар, тілге жүйрік Келдібектің өзімен алысып, беріспей жүрген балуан денелі қарулы мықты жігіт екен.

Сегізінші сыныпта денешынықтырудан берген толықша тұғыжым келген Шүкіртай Қалилаев ағайымыздың бір нәрсеге риза болғанда, жиі айтатын «шикарно» деген сөзі есте қалыпты. Трактор айдауды үйретіп, аул шаруашылығы техникасымен таныстырған Жарылқасын Дербісов ағайымыз өте қарапайым, жұмсақ кісі еді. Сабаққа дайындалмай келгендерге ұрса да алмайтын. Ашуланып келе жатады да артынан күліп жіберетін.

Класс жектекшілеріміз Искендір, Өсербай мен Құрманбай ағаларымызбен тіл табысуымыз, ара қатынасымыз өте жақсы болды. Көп мәселелерде, әсіресе мамандық таңдауға келгенде, бұл ағаларымыз берген ақыл-кеңестер біз үшін көп көмектесті.

Сыныптарда өтетін тәрбие сабақтарында көбіне оқушылардың оқу үлгерімі мен тәртібі қаралатын. Тәртіп демекші, ол кездегі мектеп тәртібінде оқушылардың махаббат мәселелері күн тәртібінен түспей-тұғын. Класс сағаттарында, мектеп оқушыларының жалпы жиналысында жекелеген оқушылардың махаббат майданындағы ерлік мәселелері жиі қаралатын. Өйткені, ол кезде мектеп қабырғасында махаббат мәселесі мүлдем жабық болатын.

«Арман қуған, қиял қуған кезің қайда,
Құрбы қыздар, мөлдіреген көзің қайда?
Сол алғашқы алаулаған сезім қайда?
Армандастар – құрдастар».

Бірде мынадай бір «махаббат оқиғасы» болды. Бізден бір класс жоғары оқитын Ж. есімді жігіт біздің Қ. есімді қызымызды ұнатып қалып, жүрек қылын шертіп, өлеңмен хат жазыпты. Ол хат ұсталып қалып, мұғалімдердің қолына түседі. Бұл мәселе мектеп бойынша тек ұл балалардың

катысуымен өткен үлкен жиналыста талқыланды. Алдымен, жігіттің қызға өлеңмен жазған хатымен таныстырды. Ғашықтық жалынға толы хат керемет әсер етті. Сонда хаттың ішіндегі біздің қызға ғашық болған жігіттің жан күйін білдіретін мына бір

«Ақ сүт берген анамменен қоштасып,
Жолбарыстай жортып кеттім даламен»

деген жолдар жүрегімде жатталып қалыпты. Ғашықтықтың құдіретімен жалпақ далада жолбарысша жортқан жігіттің бейнесі алапат!

Сөйтсек, ғашық жігіт жазды деп жүрген бұл жолдар Ілияс Жансүгіровтің өлеңдерінен алынғанын кейіннен білдік. Қалай десек те, мейлі өзі жазсын, мейлі біреуден алысын, бәрібір осы бір өлеңді қаншама кітаптардың ішінен тауып алып, ғашық жүректің жан күйін ұғындыру мақсатымен қызға ұсыну осы күнге дейін маған қаншама еңбек, үлкен бір ерлік сияқты көрінеді. . .

Ал қыз да құр қалған жоқ. Оның «ғашықтық мәселесі» де қыздар жиналысында қаралып, өзіне лайықты сыбағасын алды. Сонымен, «екі ғашықтың» «махаббат мәселесі» жалпақ жұртқа жайылып, масқара болды. Тіпті оларды мектеп оқушысына лайықсыз іс-әрекеттер жасағаны үшін мектептен шығарып жібере жаздады. Шығармағанымен де «ғашық жігіттің» басқа мектепке ауысуына тура келді. Сөйтіп, мектеп қабырғасында жүріп ерте оянған екі жастың сүйіспеншілік сезімдері лапылдап жанбақ түгілі, жабылып жүріп, өшірілді; бүкіл мектеп алдында масқараланып, ыңғайсыз жағдайда қалған екеуі осыдан кейін тіпті, бір-біріне жоламай, аулақ жүретін болды; кейін шаңырақ көтергенде екеуі де қосақтарын басқа жақтан тапты.

Осы бір есте қалған оқиғаны ежіктеңкіреп айтып жатқан себебім: сол кездегі кеңестік мектеп тәрбиесінің – ерекшелігі дейміз бе, болмаса, қаталдығы дейміз бе – өзіндік бағыт-бағдарына назар аудару. Ол кездегі мектепте махаб-

бат тақырыбы «жабық» болатын. Ғашықтық сезімінің алауына күйіп-жанғандарды осы сияқты абыройсыздықтар тосып тұратын.

Дегенмен де жолын тауып, мектеп қабырғасында жүріп-ақ бір-біріне деген ыстық сезімдерін аялай, қорғай біліп, кейін бірге шаңырақ көтергендер де болды. Кластасымыз Махамбетхан мен Әсияның бір-біріне деген алау сезімдері осы кездерде ұшқын атып, кейін махаббаттың ал қызыл жалыны алаулап, жарқырап жанды; екеуі мектеп бітірген соң, не бір қиындықтарға қарамастан, жоғары оқу орнының төменгі курсына оқып жүріп-ақ үйленді. Қазір Махамбетхан мен Әсия – ұл өсіріп, қыз өсіріп, ұлын ұяға, қызын қияға қондырып, ұл-қыздарынан немере-жиен сүйіп отырған ата мен әже.

«Бір дәуірдің мөлдіреген аспаны едік,
Бәріміз бір өмір жолын бастап едік.
Армандастар қайда?
Абзал достар қайда?
Замандастар, қарлығаштар қайда екен?».

Біз мектепте оқыған жылдары орта мектептегі оқу он жыл-тұғын. Бітіретін жылдан бастап, Қазақстанның мектептерінде он бір жылдық оқу енгізіле бастады. Сөйтіп, 1963 жылы мектептердің біразы он жылдықпен бітіртті де енді бірсыпырасы он бір жылдыққа көшіп, келесі жылға қалды. Аудан бойынша орталықтағы жалғыз біздің мектеп он бір жылдыққа айналып, Темір, Қаракөл орта мектептері бұрынғысынша түлектерін ұшырып жатты. Міне, осындай жағдайда бірнеше сыныптасымыз он жылдық мектептерге ауысып, бізден бұрын бітіріп, бір жыл үнемдеді. Солардың ішінде Темір орта мектебіне кеткен Аман Ордабаев, Қаракөлдегі орта мектепті бітірген Әжібай Дәрімбеков пен Нәсір Әбусейітов те бар еді.

Онжылдықты бітіреміз деп, он бір жылдыққа қалған біздер негізінен, ауылшаруашылығын оқып, үйрендік. Бір

класс «егін шаруашылығының механизаторы», екіншіміз «мал шаруашылығының механизаторы» бойынша мамандана бастадық. Ең бастысы ауыл шаруашылығы техникаларын меңгеріп, кез келген уақытта егін даласында, мал шаруашылығында жұмыс істеп кете берерліктей мамандандық. Жәнәділ Пәзілбеков сияқты кей әріптестеріміз осы мектеп қабырғасында меңгерген мамандық бойынша өмір бойы еңбек етіп, игілігін көрді.

«Сен де бір кірпіш дүниеге,
Кетігін тап та, бар, қалан!»

Сонымен, біз мектеп бітіретін 1964-жыл да келіп жетті. Алға сүйреген армандар бой бермей, аспанға алып ұшады. Арман бар да өмір бар. Өмір өз дегенін істейді. «Кім болам?» деген сұрақ күндіз-түні мазалайды. Ойым – әдебиет пен журналистика. Бірақ өмірдің өзіне тартқан басқа сан тарау жолдары «маған түс, маған түс» дегендей, қол бұлғайды.

Сол кездерде ауылшаруашылығын дамытуға барынша көңіл бөлініп, ауыл мен қаланы теңестіру алда тұрған басты міндеттердің бірі ретінде көтеріліп жатты. Ауылды көтерудің бір шарты ауылшаруашылығын химияландыру көтерілді. Тіпті, В.И. Лениннің «коммунизм дегеніміз, бүкіл елді электрлендіру» дегеніне «плюс химияландыруды» қосып айтатын болды. Алға қойылған осындай ауқымды міндеттерді орындауға жастарды көбірек жұмылдыру мақсатымен идеологиялық тәрбие, үгіт-насихат жұмыстары қарқынды жүргізілді.

Осындай жағдайларға байланысты республиканың түкпір-түкпірінде мектеп бітірушілер топ-тобымен, тіпті клаcсымен түгелдей үндеу көтеріп, ауылды көтеруге аттанып жатты. Бізбен бірге мектеп бітірген бірнеше түлек те жүріп жатқан идеологиялық науданның ықпалымен ауылда жұмыс істеуге қалды. Олардың қатарында мектепті күміс медальмен бітірген Ұмсын Бекмаханова да бар еді. Ауылда екі жыл жұмыс істеп оқуға келгендердің конкурстан тыс

кабылданатын жеңілдіктерін пайдаланып, бұлардың барлығы да кейін таңдаған мамандықтары бойынша жоғары оқу орындарына түсіп, жоғары білім дипломымен ауылға қайта келіп, еңбекке араласты.

Сонымен, 1964-жылдың жазында елудей жас түлек Жамбыл атындағы орта мектептің он бірінші сыныбын бітіріп, қолымызға аттестат алып, өмірдің мектептен кейінгі беймәлім жолдарына түстік. Аттестат тапсыру, мектеппен қоштасу кезінде барлығымыз қосылып, «Армандастар» әнін қайта-қайта шырқадық; «Ұстазымды» айтып, оқытушыларымызбен қимай қоштастық. Ұстаздарымыз ақ тілектерін білдіріп, шығарып салды.

Енді аттестат қолда. Бұрынғыдай жазғы демалыстан соң, мектепке қайта оралып, кластағы оқуынды жалғастыру енді жоқ. Не істеймін, қайда барамын десең де енді бәрі өзіңе байланысты, өз қолыңда. Қайда барамыз? Өмірдің сан тарау жолдары алыстан мен «мұңдалап» қол бұлғайды... Біз кірпіш болып қаланатын өмірдің кетігі қайда?

«Әсемпаз болма әрнеге,
Өнерпаз болсаң, арқалан.
Сен де бір кірпіш дүниеге,
Кетігін тап та, бар, қалан!»
(Абай)

Мен кемпір мен шалдың балдарының ішіндегі ең үлкені едім. Оның үстіне әкем Ұлы Отан соғысының мүгедегі, шешем аурушаң болатын. Үй жағдайына, сосын сол кезде ауылды көтеру науқанының да әсері болды ғой деймін, мен де екі жыл жұмыс істеп, оқуға содан кейін барармын дегенді ойлап, оқуға барамын деп, онша жұлқына қоймадым.

Шілде айының басынан бастап, оқуға баратындар Алматы мен Шымкентке қарай ағыла бастады. Ол кезде жұрттың бүгінгі күнгідей жиған-терген ақшалай қоры бола бермейтін; бола қалған күннің өзінде де мардымсыз. Ел алдындағы

бес-алты малымен күн көретін. Оқуға баратын балаларының жол қаражаты, басқа да керек-жарақтарына пұлдау үшін бір-екі малын базарға салатындықтан да Шәуілдірдегі мал базарда маусым айынан бастап, мал қымбаттай бастайтын.

Мүгедектігіне байланысты қара жұмысқа жарамайтын менің әкем Шәуілдірдегі мал базарда делдал болып, балашағасын асырайтын. Жұрттың малын сатуына, алушының мал алуына көмектесіп, екі жақтың мәмілеге келіп, саудасаттық жасауына дәнекер болып, кімнің баласы оқуға түсуге бара жатқанын айтып келіп жүрген көкем бір күні «Балам, оқуға барасың, дайындал» деді.

Әкем оқымаған кісі болғанымен де көзі ашық, өте намысқой еді. Кезінде байдың баласы болып еркіндеу өскеніне, оқымағанына өкініп отыратын. Жұрттың балаларының оқуға аттанып жатқаны намысын қайрап жіберді ғой деп, ойлаймын. «Балам, сенсіз де күнімізді көргенбіз. Бізге қарама. Өз күнімізді бірдеңе қылып көрерміз. Оқуың бір үзіліп қалса, сол күйі қалып қоясың. Бағың жанса, оқуға түсіп кетерсің. Алдыңнан жарылқасын!» деді. Келесі базарға мал апарып, қаражат қылды да ақ батасын беріп, ақ жолға шығарып салды.

Сонымен, шілде айының шыжыған ортасында бір көрсек деп, арман қылған арман қала Алматыға келіп, аяқ бастық. Әсем қаланың көркіне көзіміз тоймағанымен оны тамашалауға мұршамыз болмай, орталықтан бір орыстың үйін жалға алып, оқуға дайындық қамына кірісіп те кеттік.

Оқуға келгенде, менің іштей екі түрлі ойым болды. Басты арманым журналистикаға, не қазақ тілі мен әдебиеті мамандығына түсу. Бұған өзімнің ыңғайым, оған деген дайындығым да бар еді. Ол кезде кокурс аса жоғары болғандықтан да бұл мамандықтарға түсу аса қиын болатын. Сондықтан да оған қосымша тағы да екінші бір қосалқы жасырын ойым болғанын да жасырмайын. Ол – сол кездегі ауыл шаруашылығын химияландыру мәселесінің көтеріліп жатқандығына орай, химия мамандығын игеру.

«Бәрің, достар, әр тарапқа кеттіндер ме,
Әлде биік асулардан өттіндер ме?!
Әлде игі армандарға жеттіндер ме?!
Қайдасындар құрдастар?!».

Менің ойымдағы бұл екі мамандық та сол кездегі қазақ білімінің көшбасшысы С.М. Киров атындағы Қазақ Мемлекеттік университетінде (қазіргі Әл-Фараби атындағы ұлттық университет) жеке-жеке факультет болатын. Қай мамандыққа түсерімді әлі толық шеше алмай, толғатып, екінші жағынан, қайсысында конкурс аз болар екен деп, осы жаққа күніге бір соғып кетемін.

Сондай бір күні университеттің алдында Жарылғапты кездестіріп қалдым. Бітіргелі көрмеген екеуміз шүйіркелестік те қалдық. Ол салған жерден «тапсырдың ба?» деді. «Нені?» дедім. «Құжаттарыңды?» деді. Менің де әдебиетші болғым келетіндігін білетін ол мені филология факультетіне құжаттарымды тапсырып қойды деп, ойласа керек. Өзі осы факультеттің қазақ тілі мен әдебиеті мамандығына келе сала тапсырып, қазір оның консультациялық сабақтарына қатысып, емтихандарға дайындалып жүрген беті екен. Менің екі ойлы болып жүргенімді қайдан білсін, Жарылғап әй-шәй жоқ, «осы уақытқа дейін неге тапсырмай жүрсің?» деп, ұрсып кеп берді. Сонымен не керек, Жарылғаптың сөзі қамшы болып, конкурсы көптігінен бата алмай жүрген филология факультетіне құжаттарымды тапсырдым.

Ол кезде оқуға түсетіндер емтихандарды жоғары оқу орындарының өзіне тапсыратын. Қазақ тілі мен әдебиетінен шығарма және ауызша, КСРО тарихынан ауызша емтихандар тапсыру барысында 12 бал жинап, соңғылардың бірі болып, әйтеуір студент қатарына іліндім. Ол емтихандарды қалай тапсырғанымның әр қайсысы – өз алдына хикая. Ең бастысы, қандай пәндерден емтихан тапсыру керектігін білгеніммен, олардың қай сыныптарда өткен тақырыптарын тапсыру қажеттігін нақтылы ұғынбаппыз. Емтиханға тек соңғы сыныптарда өткен тақырыптар бойынша дайын-

далған мені 8,9 кластар бойынша келген сұрақтардан мектепте жақсы оқығандығым ғана сақтап қалды...

Бірінші курстың алғашқы жарты жылдығын қасымда туысым Қаңлыбай Тойтанов бар, екеуміз пәтер жалдап өткіздік. Балым төмен болғандықтан жатақхана тимей, стипендия ала алмадым. Күндіз-түні кітапханадан шықпай, тырысып оқыдық. Еңбегім жанып, алғашқы сессияда емтихандарды ойдағыдай тапсырдым. Сабақ үлгеріміме қарай стипендия мәселесі шешілді; қыстың ортасында екінші жарты жылдықтың басында Космонавтар мен Виноградов көшелерінің қиылысындағы университеттің №1 жатақханасынан орын берді.

Бөлмедегі екі қатарлы керуеттерде 8 студент жататын. Олар жоғары курстарда оқитын Дулат Исабеков, Төлеген Тоқбергенов, Болат Бабаков, Ақселеу Сейдімбеков, Жомарт Әбдіхалықов, Қожабек, Қадірбек Сегізбаев секілді шетінен оқуға дейін әскерде болып, ауылда қара жұмыс істеп, тіпті кейбіреуі газет редакциялармен байланыста болып, өмірде біршама ысылған, шығармашылықтарымен көріне бастаған жоғары курстарда оқитын дарынды жастар еді. Адамгершілігі, бір-біріне деген адал достығы, адамдармен түрлі қарым-қатынастары, жалпы адамдық бейнесі жарқын азаматтар еді бұлар. Сөйлеу мәдениеті, әсіресе, бір-бірімен әзілдесуі өте жарасымды болатын. Әсіресе Ақселеу, Болат, Жомарт, Қожабек, Қадірбек бесеуінің достығына қызыға қарайтынбыз. Достық – көбіне екі адамның бір-бірімен қарым-қатынасында көрініп, бірден көп адамның арасында бірдей болуы сирек кездесетін құбылыс. Ал мен куәсі болған осы бесеудің арасындағы достық арасына қылау түспей өмір бойы жалғасты.

Осы жігіттердің барлығы да кейін елімізге танымал азаматтар болды. Дулат Исабеков – қазір қазақтың қабырғалы қаламгерлерінің бірі, Мемлекеттік сыйлықтың иегері. Төлеген Тоқбергенов ұзақ жылдар бойы Отырар өңірінде ұстаздық, партия қызметтерін атқарды. Ақселеу мен Болат республикалық, Жомарт облыстық, Қожабек қалалық басылымдардың редакторлары болды. Қадірбек журналистика-

мен бірге жазушылықты да қатар атқарып, жұрт сүйіп оқитын бірнеше роман жазды.

Осылардың ішінде ең атактысы Ақселеу Сейдімбек еді. Ол нағыз «сегіз қырлы, бір сырлы» қазақ еді. Оның тұрған тұрысынан, жүрген жүрісінен, киген киімінен, сөйлеген сөзінен, ішкен тамағынан, тіпті атқан насыбайына шейін, қазақтың исі мұңкіп тұратын. Ол бірнеше әңгіме, повесть, роман жазып, жазушы, қазақтың ауыз әдебиетін, күй өнерін зерттеп, атақты ғалым, нота білмесе де «Дәурен-ай» секілді әндер шығарып, композитор атанды. Менің жатақханада осы жігіттермен бірге өткізген күндерім өмірімнің сағынышпен еске алар ең бір сәулелі сәттерінің бірі болды.

Біз бірінші курста оқып жүргенде, сол кездің өзінде-ақ жазушы ретінде танылып қалған Қабдеш Жұмаділов, Төлен Әбдіков, Қажығали Мұхаметқалиев сынды азаматтар университеттің соңғы курсында оқып жүрді. Университетте жұмыс жасайтын М. Әуезов атындағы шығармашылық бірлестіктің ұйымдастыруымен ұдайы өтіп тұратын әдеби жиындарда Әбіш Кекілбаев, Дүкенбай Досжанов секілді қаламгерлерді жиі көретінбіз...

Сонымен, қызығы мен қиыншылығы мол студенттік өмір өз ырғағымен өтіп жатты. Ол кезде оқуға деген құштарлық ерекше еді. Соның салдарынан да болса керек, кітапханалардағы оқу залдарының орындары жетісе бермейтін. Жатақханада оқу залы болды. Оған адам көп болатындықтан да орын болмай, болған күннің өзінде де у-шулылау еді. Сондықтан да біз көбіне кетіп қалып, сабақты Пушкин атындағы орталық кітапханада (қазіргі Әл-Фараби атындағы Ұлттық кітапхана) дайындалатынбыз. Кітапханада әсіресе сенбі, жексенбі күндері адам көп болатындықтан да кіруге кезек үлкен болатын. Таңғы сағат тоғыздарда ашылатын кітапханаға кіру үшін сегізден қалмай келіп, кезек алушы едік.

Мен негізінен, үздік болмағанмен де сабақты жақсы оқушылар қатарында көріндім. Ол кезде үздік оқығандарға жоғары стипендия берілетін. Мен де осы стипендияны біраз уақыт алып жүрдім. Студенттердің біразы ата-анасынан

«материалдық жәрдем» алып, тұратын, Ал мен болсам, осы стипендияны тамағыма, киім-кешегіме дейін жеткізетінмін. Тіпті, қысқы, жазғы каникульға шыққанда, әке-шешеме тақия, орамал сияқты азын-аулық сыйлықтар ала баратынымын. Сонда мен алып келген тақияны әкемнің киіп жүргенін, орамалды анамның тартып жүргенін көргенде, бойымды ерекше бір қуаныш сезімі билейтін...

3-ші курсты бітіргенде, (әсіресе тіл жағын) үздік оқитын студенттердің қатарында университетаралық келісім шарт бойынша, София университетінің шақыруымен Болгарияда болып қайттық. Мәскеу, Бухарест арқылы жүрген пойызымыз Болгарияның астанасы София қаласына бір аптадай жол жүріп жетті. Университеттегі шығыстану факультетінің түрік тілі бөлімінің студенттерімен танысып, бауырласып қайттық. Бір апта София, бір апта Варна қалаларында болып, бару, қайтуы бар жолда екі апта жүріп, бір ай дегенде барып Алматыға оралдық. Келесі жылы болгарлық студенттер бізге қонаққа келді.

Университет қабырғасында жиі өткізіліп тұратын М. Әуезов атындағы әдеби бірлестік, «Жеті муза» секілді қоғамдық ұйымдардың түрлі жиындарына, шығармашылық шараларына қалмай, қатысатынбыз. Қазақ әдебиеті мен өнерінің көптеген қайраткерлерін алғаш рет осы жиындарда көрдік.

Осы жылдары М. Әуезовтің музей-үйінде Рахманқұл Бердібайдың басшылығымен жұмыс жасаған Алматы қалалық мәдениет университетінің атағы жер жарды. Ай сайын соңғы жұмада кешкі сағат алты жарымда М. Әуезовтің музей-үйінің конференц-залында басталатын халық университетінің дәрістеріне халық сыймай кететін. Қазақ қаламгерлері Сәбит Мұқановтан, Ғабит Мүсіреповтен, Ғабиден Мұстафиннен, ғалымдары Әлкей Марғұланнан, Ақжан Машановтан, І. Кеңесбаевтан бастап, осы бір қасиетті құтханада қазақтануға қатысты небір қызықты лекциялар оқыды. Тақырыптардың көпшілігі сол кездегі ресми идеологияның аясына сия бермейтін, онша айтылмайтын, ұлттық тарихқа, әдебиетке, мәдениетке тікелей қатысты көптің көкейін күпті қылып жүрген тақырыптар болатын.

Халық университетінде өткен әр сабақта қазақ халқының белгілі бір тақырыптағы мәселесі ұлттық тұрғыдан қозғалып, жұрттың жүрегінен орын тауып жатты. Бүгінгі күні ойлап отырсам, компартия билеген тоталитарлық заманда осы халық университетінің әрбір сабағы қазақ халқының ұлттық сана-сезімінің оянуына тарихи қызмет еткен екен. Кеңестік идеологияның барынша салтанат құрып тұрған кезінде осы бір аса жауапты да қауіпті жұмысты ұйымдастырып, жүргізіп, оқылған әр лекцияны қорытып, бағалап, оған ұлттық тұрғыдан өз пікірін білдіріп отырған Рахманқұл Бердібайдың іс-әрекеттері бейбіт күндерде жасалынған асқан ерліктің үлгісі іспеттес.

Мен осы халық университетінде өткен дәрістердің бір де біреуінен амалы болса қалмай, бес жыл бойы қатыстым. Осында өткен дәрістер барысында айтылған, көтерілген ойлар, мәселелер менің ой-жүрегімнің тереңінен орын алып, болашақ өмірлік бағыт-бағдарымның қалыптасуына айтарлықтай әсер етті. Ал Рахманқұл Бердібай мен пір тұтқан ұлы ұстазыма айналды...

Бізге қазақ білімі мен ғылымының корифейлері дәріс берді. Олардың қатарында қазақ филологиясының көшбасшылары Бейсенбай Кенжебаев, Мәлік Ғабдуллин, Мұхамеджан Қаратаев, Темірғали Нұртазин, Белгібай Шалабаев, Зейнолла Қабдолов, Ханғали Сүйіншәлиев, Темірбек Қожекеев, Ісмет Кеңесбаев, Мәулен Балақаев, Мархабат Томанов, Рымғали Нұрғалиев, т. б. болды. Олар өткізген әрбір сабақ өзінше бір оқиға болатын.

Қазақ әдебиеті кафедрасын кезінде Қазақ мемлекеттік баспасының (ол кезде Қазақстанда бір ғана баспа, оның басшысы Қазақстан компартиясы орталық комитетінің мүшесі болатын) директорлығынан ұлтшылдық бағыттағы пікірлері үшін шеттетілген профессор Бейсенбай Кенжебаев басқаратын. Сөзге онша шешен емес, оның үстіне баяу сөйлейтіндіктен де лекциясы көбіне сылбырлау өтетін. Сондықтан да ол кісінің лекциясына қызығатындар дәл алдыңғы партаға отырып тыңдаушы едік. Бірақ сонысына қарамастан, тыңдай білген адамға мол мағлұматтар бере білетін.

Мысалы, мен Нәзір Төреқұлов туралы алғаш рет Бейсекеңнің аузынан естідім. Профессордың қазақта бұрын Нәзірдей 9 шет тілін білген білімді, мемлекет, қоғам қайраткері болған емес деген сөзі күні бүгінге дейін құлағымда сайрап тұр. Сол сияқты Сұлтанмахмұт туралы арнаулы курсты оқу барысында жол-жөнекей тақырыпқа байланыстырып, алашорда туралы да мәліметтер бере кетіп еді.

Екінші, үшінші курстардан бастап, тілшілерге, әдебиетшілерге бөлініп, қазақ тілі мен әдебиетінен арнаулы пәндер бөлек өтілді. Арнаулы пәндерден курс жұмыстарын жаздық. Сөйтіп, әдебиеттің ұңғыл-шұңғылына үңіле түстік. Бір жағынан осы, екінші жағынан, бізбен қатар оқитын журналистика мамандығының студенттерінің мақалалары баспасөз бетінде жиі жарияланатындығы да әсер етіп, біз де қолға қалам ала бастадық. Әріптестеріміздің ішінен кімнің мақаласы шығып қалар екен деп, күнделікті газет-журналдарды асыға күтетінбіз. Осы кезде әсіресе «Лениншіл жас» (қазіргі «Жас алаш») газеті дүрілдеп тұрды. Осындай жағдайлардың барлығы әсер етіп, мен де мақалалар жаза бастадым. Сөйтіп, менің алғашқы хабар-ошарларым, жаңа кітапқа жазған рецензияларым 1967 жылдан бастап, «Қазақ әдебиеті», «Қазақстан мұғалімі», «Жетісу» газеттерінің беттерінде жарық көре бастады...

Шығармашылық жолдары студенттік кездерде басталған бірге оқыған курстастардың ішінен кейін Әділ Дүйсенбек, Айтмұхамед Оразалин, Шашубай Досмайылов секілді қаламгерлер, Қайсар Жорабеков сияқты аудармашы, Жұмат Тілепов, Теңізбай Рахымжанов, Бердібай Шалабаев сынды ғылым докторлары, Жарылғап Бейсенбайұлы, Алдан Мұсабекова секілді ғылым кандидаттары шықты. Амангелді Керімтаев Аягөз ауданының әкімі болып, кейін облыстың бір басшысы деңгейіне дейін көтерілді. Көпшілігі халық ағарту саласында жұмыс жасап, жоғары оқу орындарында, мектептерде жас ұрпақты тәрбиелеуге ат салысты. Топтың старостасы болған Райхан Есенбекова Кентау қалалық білім басқармасын басқарды.

Өстіп білім қуып, улап-шулап жүргенде, университетті де бітіріп қалыппыз. Қайда барамыз, не істейміз деп, көп ойланған жоқпыз, бұрын әскерде болмаған жігіттерді түгелдей әскер қатарына алып кетті. Содан Ресейдің Чита облысының қыста ұдайы борандатып, аязы 40 градустан түспейтін Шерловая гора деген бекетінде екі жыл взвод, рота командирі қызметтерін атқардық. Бір қызығы мектепте, университетте бірге оқыған Жарылғапты тағы да осы жерде кездестіріп, бірге қызметтес болдық. Қызығынан гөрі қиындығы мол әскери қызмет мен үшін нағыз өмір мектебі болды.

1971 жылы азаматтық борышымызды өтеп, Алматыға қайта оралдық. Білімімді одан әрі жалғастырудың сәті түсіп, барлық қабылдау емтихандарын ойдағыдай тапсырып, Қазақ ССР Ғылым академиясының М.О. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының аспирантурасына қабылдандым. Ғылыми жетекшілікке осында қызмет атқаратын филология ғылымдарының докторы, профессор Рахманқұл Бердібаев тағайындалды. Жетекші ғылыми жұмысыма бағыт-бағдар беріп отырумен қатар, оны жүргізудің әдіс-амалдарын үйрете отырып, әдебиет айдыныныңшексіз шалқарына салды да жіберді. Қатал талаптар қоя білуінің арқасында ғылыми диссертация уақтылы жазылып бітіп, дер кезінде қорғалды.

Аспирантура бітірген соң бір аз уақыт осы институтта кіші ғылыми қызметкер болдым да 1977 жылы журналистика факультетінің деканы профессор Т. Қожакеевтің шақыруымен С.М. Киров атындағы Қазақ мемлекеттік университетіне оқытушылық қызметке ауыстым. 1986 жылғы желтоқсан оқиғаларына байланысты «ұлтшылдықпен» айыпталып, үстімнен іс қозғалды; бір жарым жылдай жұмыссыз жүрдім.

Кейіннен біртіндеп жағдай түзеле бастағанда, ұстазым академик Зейнолла Қабдоловтың көмегімен қазақ әдебиеті кафедрасына доцент болып кірдім. 1994-жылы филология ғылымдарының докторы дәрежесіне диссертация қорғадым. 1995-жылы профессор атағын алдым. 2000-жылдан 2004-жылға дейін Астанадағы Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің профессоры қызметін атқардым.

2004-жылы Алматы қаласындағы Сүлеймен Демирел атындағы университетке ауыстым. 2009-жылға дейін тоғыз

жыл осы университеттің проректоры болып, 2013-жылдан университет ректорының ғылыми істер жөніндегі кеңесшісі қызметін атқарып келемін.

Осы уақыттар ішінде 20 кітабым, 540 мақалам жарық көрді. Менің жетекшілігіммен 9 адам кандидаттық диссертация қорғады.

Азербайжанда, Америкада, Кипрде, Қырғызстанда, Қытайда, Өзбекстанда, Ресейде, Түркияда өткен түрлі халықаралық конференцияларға қатысып, қазақ әдебиеті, қазіргі әдебиеттану ғылымының өзекті мәселелері хақында баяндамалар жасадым.

Қазір С. Демирел атындағы университеттің ғылыми журналы «СДУ хабаршысының» бас редакторы міндетін атқарамын; «Қазақ және әлем әдебиеті», «Тұрмағамбет» журналдарының алқа мүшесімін.

Ғылым саласындағы азды-көпті жетістіктерім үшін «Мәшһүр Жүсіп Көпеев атындағы медальмен» және «Сұлтанмахмұт Торайғыров атындағы алтын медальмен» (2011) марапатталдым.

Қазақстан Республикасы Гуманитарлық Ғылымдар Академиясының және Халықаралық Айтматов Академиясының академигімін.

Қазақстан Жазушылар және Журналистер Одағының мүшесімін.

Жұбайым Ұлман Досайқызы – мектепте ұстаз. Ұлым Абзал Әл-Фараби атындағы Ұлттық университетті бітірген; қазір бизнесте. Қызым Айнұр Түркиядағы Гази университетін тамамдаған; қазір Астанада тұрады; жеке бизнесі бар.

Міне, менің мектеп бітірген соңғы жарты ғасырлық өмір жолдарым осылайша өрбіді. Жеткен жетістіктерімді де орталарыңа салдым. Аз ба, көп пе? Қалай болса да осыған қанағат. Ең бастысы деніміздің сау болып, бір-бір шаңырақтың иесі атанып, ұл-қыз өсіріп, қатарға қосқанымыз, өмірдің небір өткелдерінен ауып қалмай, алдымызға қойған міндеттерді, қызметтерді ойдағыдай атқарып, бүгінгі күнге аман-есен жеткеніміздің өзі бақыт емес пе!?

2 бөлім

ТҰҒЫРЛЫ ТАҒДЫРЛАР

Енді, кластастарымызды тыңдап көрейік. Бір кездерде жазылмаған дастан болсақ, соған елу жыл ішінде елу түлек не жазды екен, соларды оқып көрелік.

Біздің аты-жөніміз сынып журналында әліпби бойынша жазылатын. Біз де осы үрдіспен жүруді жән санадық.



Жарылқап Бейсенбайұлы 1947 жылғы сәуірдің 10-ы күні Оңтүстік Қазақстан облысы Отырар ауданы Мольке Шойманов ауылында дүниеге келген. 1960 жылы сол ауылдағы Кеңес жетіжылдық мектебін, 1964 жылы Шәуілдір кентіндегі Жамбыл онбіржылдық мектебін бітірді. Сол жылы Алматы қаласындағы Қазақ мемлекеттік университетінің (қазіргі ҚазҰУ) филология факультетіне оқуға түсті. 1969-1971 жылдар аралығында Кеңес Армиясы қатарында әскери қызметте болды. Университетті бітірген кезден бастап оның бүкіл ғұмыры баспасөзбен тығыз байланыста келеді.

Ол – Қазақстан Жазушылар және Журналистер одақтарының мүшесі. Филология ғылымдарының кандидаты.

Ж. Бейсенбайұлының журналист, деректі прозашы, зерттеуші ретіндегі қолтаңбасының қалыптасуына, оның «Лениншіл жас» (қазіргі «Жас Алаш») газетінің қабырғасында өткен 20 жылдың орны бөлек. Оның «Шоқан ізімен» (1977) атты алғашқы кітабыосы газет атынан өзі ұйымдастырған экспедиция негізінде туындады.

Бейнелеу өнері Жаңаша дәуірінің ұлы суретшілері шығармашылығына арналған «Буырқанған бояулар» (1981), қазақ этикетін сөз еткен «Әдеп әлемі» (1982) эссе кітаптары да осы жастар басылымы аясында көтерілген тақырыптардың әсер-ықпалына қоян-қолтық байланыста дүниеге келді. Осы екі кітабы үшін Ж. Бейсенбайұлы 1982 жылы қазақ тілді журналистер арасында алғашқы боп Қазақстан Жастар одағы сыйлығының лауреаты атанды.

Жарылғаптың «Біздің лауреаттар» сериясымен жарық көрген «Жасын-тағдыр жарқылы» (1987) тарихи-ғұмырнамалық хикаяты – халқымыздың ұлы перзенті Шоқан Уәлиханов ғұмыр кешкен, еңбек еткен, сапар жасаған мекендер туралы бұрын беймәлім болып келген көптеген деректерге қанықтырады.

Ж. Бейсенбайұлы – 1990 жылғы наурыздың 22-сінде тұңғыш саны жарық көрген «Ана тілі» газетінің алғашқы бас редакторы. Жаңа газет ілкі нөмірлерінің өзінен мемлекеттік тілдің мәртебесін көтеру мен төл тарихымызды таразылау, ел тәуелсіздігін нығайту, ұлтымыздың этнологиялық құндылықтарын жарқырата насихаттау, қазақ журналистикасында жаңа шығармашылық машықтарды орнықтыру орайында қыруар еңбектер атқарды. Әуелгі жылдардың өзінде газет таралымының 110 мың данаға дейін өсуі – соның айғағы. Бейсенбайұлы бас редактор болған жылдары осы газет қабырғасында қалам қуаты қарымды көптеген жаңа есімдер тәрбиеленіп шықты.

Ол 1997 жылдың соңынан бастап ҚР Ақпарат министрлігі басшылығының ұйғарымымен қайтадан құрылып жатқан Қазақ ақпарат агенттігі Қазақ редакциясының бас редакторы болып тағайындалды. Оның ұйымдастыруымен осы агенттікте тұңғыш рет мемлекеттік тілдегі төл ақпараттарды дайындайтын қазақ редакциясы ашылды. «Қазақ ақпарат агенттігі» ұлттық компаниясының 2004 жылдың көктемінен мемлекеттік тілдегі жаңалықтарды шеттегі қазақ жұртшылығы үшін латын қарпімен, 2009 жылдың күзінен бастап төте жазу арабшасы арқылы таратуы мен сол төте

жазумен шығып отырған «Қазақ руханияты» әдеби, мәдени және елтану порталы ашылуы да оның бастамашылығымен жүзеге асты.

2009 жылы «Қазақстан» баспасынан «Гибратты ғұмыр» сериясымен 39 баспа табақ көлемінде жарық көрген «Шоқан» атты роман-эссесі Ж. Бейсенбайұлы шығармашылығының ғана емес, қазақтың деректі әдебиетіндегі ғұмырнамалық туындылардың шоқтықты бір табысына саяды. Жазушының бұл кітабында қазақтың ұлы ғалымы Шоқан Уәлихановтың бейнесі тұңғыш рет дәйекті, толымды түрде жан-жақты ашылды.

Белгілі журналист-жазушы – түркі жұрттары тарихының арғы қатпарларын қаузайтын зерттеу еңбектердің де авторы. Оның 1994 жылы «Қазақ шежіресі», 2006 жылы «Арғы түркілер ақиқатының ізімен» атты кітаптары жарық көрген. Зерттеушілер тарапынан жылы қабылданған соңғы туындысында автор әлемдік генетика ғылымының кейінгі жетістіктері нәтижесінде жыл санауға дейінгі 45-10 мың жылдар аралығында Беринг бұғазы арқылы Америка құрлығына дүркін-дүркін өткен адамдардың түпкі түркілер екендігінің дәлелденуіне орай, бұрын-соңды шыққан мол зерттеулермен ғылыми еңбектерді кеңінен пайдалану арқылы арғы алтай, түпкі түркі жұрттарының ең ежелгі этногездік тарихының шиырлы іздерін нақтылайды. Қазақ жерінің де арғы түркілердің бір атамекені болғандығын көне замандардан жеткен археологиялық белгілер, тілдік, мәдениеттік үрдістерге қатысты дәйектермен пысықтайды.

Ж. Бейсенбайұлы 2014 жылдың басында Астанадағы Түркі академиясының жобасы бойынша «Орталық Азиядағы арғытүрк сипатты мәдениеттер: этнотектік аспектілер» атты 27 баспа табақ көлеміндегі монографиялық еңбек жазып бітірді. Бұл зерттеу нәтижесінде Орталық Азия аумағындағы ежелгі мәдениеттерді жасаушылардың негізінен арғытүрк сипатты жұрттар болғаны тұжырымдалды. Ол жұрттардың тас дәуірлеріндегі климаттық жағдаяттарға байланысты әр тарапқа таралу бағыттары, археологиялық иша-

ралары мен энеолит заманындағы көнешұңқыр, ботай секілді түздік мәдениеттер аясында көрініс тапқан көптеген этнотектік нышандардың өзара сабақтас екендігі нақтыланды. Сол ортақ сипаттардың қола ғасырларда жалпы орталықазиялық Беғазы-Дәндібай мәдениетіне, Алтай, Ордос, Шығыс және Батыс Түркістан аумақтарындағы біртұтас далалық дәстүрлерге құнарланып ұласқаны пайымдалды. Кейінгі сақ, хун замандары тайпалары көбінің Ұлы Дала кеңістігінде талай мыңжылдық бойы қатар өмір сүріп келе жатқан арғытүрк сипатты жұрттар екендігі археологиялық, генетикалық, этнографиялық, этимологиялық аспектілер арқылы пысықталды.

Астанада тұңғыш рет шаңырақ көтерген Қазақстан Республикасы Ұлттық музейінің басшылығы, журналистикадағы мол тәжірибесін, жазушылықтағы, ғылымдағы жетістіктерін ескере отырып, Ж. Бейсенбайұлын зейнет жасынан асқанына қарамастан, 2014 жылдың наурыз айында «Мәдени мұра» журналының бас редакторлығы қызметіне шақырды. Қазір ол ұлттық құндылықтарымызды жан-жақты ұлықтауға арналған, онжылдық тарихы бар осы түрлі түсті ғылыми-танымдық басылымды жаңаша үрдіспен шығаруды қолға алып отыр.

Жарылғап жұбайы Нұрғайшамен екеуі екі қыз, бір ұл тәрбиелеп отыр. Үшеуі де жоғары білімді мамандар. Қыздары тұрмысқа шыққан; ұлы ержетіп, қызмет атқарады. Үлкен шаңырақ иесі Жарылғап қазір отбасымен бірге Астана қаласында тұрады.



Бекмаханова Ұмсын 1947 жылдың 25 мамырында Шымкент облысы Түркістан ауданында шаруа отбасында дүниеге келді. Мектепті 1964 жылы алтын медальмен бітіріп, ауылда механизатор болып 3 жыл жұмыс істеді. 1965 жылдары облыстық, аудандық комсомол және партия конференция-

ларына делегат болып сайланған. 1965 жылдан бері КПСС мүшесі.

1967 жылы Алматы ауыл шаруашылық институтына түсіп, 1971 жылы агроном мамандығын алып шықты.

Жолдамамен Жамбыл облысы, Свердлов ауданы «Трудовой пахарь» колхозына егін бригадасында бригадир болып еңбек жолын бастады. Сол колхоздың агрономы болып істеді.

1973 жылдан Михайловка селосындағы мемлекеттік тұқым инспекциясының басшысы болып тағайындалды. Аудандық малдәрігерлік станциясының партиялық ұйымының секретарі болып істеді. 2009 жылдан зейнетке шығып, жеке ісін ашып жұмыс істеп жатыр. 3 ұл 1 қыз тәрбиелеп өсіріп шықты:

– Мырзалиев Асқар Хадыралыұлы 1970 жылы туылған. Байзақ аудандық тұқым зертханасының меңгерушісі.

– Мырзалиев Айдар Хадыралыұлы 1972 жылы туылған. Тараз қаласының әскери жол полициясында бөлім бастығы.

– Мырзалиев Нұржан Хадыралыұлы 1974 жылы туылған. Ұлттық қауіпсіздік комитетінің қызметкері.

– Мырзалиева Айнұр Хадыралықызы 1981 жылы туылған. Астана қаласындағы «Рамада Плаза» қонақ үй кешеніндегі Бронь және қызмет көрсету бөлімі басшысы.



Рысқұлбек Жаппарқұлұлы:

– Мен 1947 жылы бұрынғы Шәуілдір ауданы «Қызыл Түркістан» колхозының шаруа отбасында дүниеге келгенмін. Әкем Айжарық ұлы Жаппарқұл 1951 жылдың күзінде қайтыс болып, біздерді анамыз Кенжебай қызы, Айжарық келіні Күнімкүл өсіріп, жеткерді.

1953 жылы «Қызыл Түркістан» бастауыш мектебіне бардым. Төртінші сыныпты бітірген соң, Шәуілдір аулындағы Жамбыл орта мектебінің бесінші сыныбынан сонда ауысып, оқуды жалғастырдық.

Аталған мектептің 11-ші сыныбын 1963-1964 оқу жылдарында бітіріп шықтық. Сол жылы Алматы қаласындағы медицина институтына барып, аталған институттың балалар дәрігері бөліміне оқуға түстім.

Алматы Медицина институтының балалар дәрігері бөлімін 1970 жылы бітіріп шықтым. Ол кезде жоғары оқу орнын бітіргендерден әскер қатарына мамандығы бойынша, екі жылдық әскери қызметке алатын еді, сол заңға сәйкес екі жылға әскер қатарына алынып, Ресейдің Новосибирь облысында әскери дәрігер болып қызмет атқардым. Әскер қатарынан босаған соң, өзімнің туған ауылым Шәуілдірге келіп аудандық ауруханаға балалар дәрігері болып қызметке орналастым. Ол жерде екі жыл абыройлы қызмет атқарған соң, мені «Балтакөл» кеңшарына балалар дәрігері етіп, өзімнің өтінішіммен ауыстырды. Себебі дәрігерліктің ой-шұқырын ауылдық жерден бастап істеп, үйрену керек секілді көрінді маған. Сол ауруханада екі жылға жуық жұмыс жасаған соң, мені көрші «Овцевод» кеңшарына ауылдық аурухананың бас дәрігері етіп ауыстырды. Осында жеті жылға жуық жұмыс жасадым. Дәрігерліктің оны мен солын осы қызметте жүріп игердім десем болады.

Ауылдық аурухананың дәрігері деген ол кезде істеген кісіге абыройлы қызмет болатын. Себебі барлық жауапкершілік бір өзінде болатын, сен терапевт, сен балалар дәрігері, сен хирург, сен әйелдер дәрігері тағысын тағылардың бәрі – бір өзің. Сол міндеттердің бәрін орындай жүріп, ауылдағы дәрігерлік ұйымдастыру жұмысымен де айналысуға тура келетін. «Овцевод» кеңшарында аурухана бұрынғы колхоздың ескі кеңсесінің ғимаратына орналасқан екен, соның орнына жаңадан ауылдық аурухананың жаңа жайын салып үлгердік. Сөйтіп жүріп жеті жылға жақын уақыттың өтіп кеткенін де байқамай қалыппын.

1981 жылдың басында мені аудандық партия комитетінің ұйғаруымен, «Қараконыр» ауылдық ауруханасына бас дәрігер етіп ауыстырды. Аудан көлемінде ауылдық ауруханаға лайықты етіп салынған бірден-бір ауруханаға бас дәрігер

етіп ауыстыруы мен үшін абыройлы жұмыс болғанымен, жауапкершілігі де жоғары болатын. Осы жұмысты да өз деңгейінде атқардым ғой деймін. Аурухананы аудандағы озық тәжірибе мектебі ету, министрден алғыс алу, жеке қызмет көлігін алу, сол жақсы жұмыстарымның қортындысы болса керек.

Осы ауруханада алты жылдан аса жұмыс жасадым. Кәсіби деңгейім көтерілді. Жоғары санатты дәрігер атағын аудан көлемінде алғашқылардың бірі болып алдым. «Темір» асыл тұқымды қаракөл қой заводы аудандағы үлкен шаруашылықтардың бірі және бірегейі десе болатын. Осы ұжымда қызмет жасап жүрген кезде көптеген жора-жолдастар таптым. Басымызға бас, жасымызға жас қосылды. Есейіп, ер жеттік.

1987 жылы аудандағы шипа жай «Божбан құдық» санаторий-профилакториіне бас дәрігерлік жұмысқа ауыстым. Бұл жұмысты да өзіме тән, ыждағаттылықпен атқардым десем болады. Басында 25 орындық «Шәуілдір» асыл тұқымды қаракөл қой заводының профилакториясы болып ашылған мекемені обылыстық деңгейге көтердім. Республиканың барлық аймақтарына жолдамалар таратылатын болды. Соның арқасында, санатория деңгейіне жетті, Қазақстанның барлық обылыстарынан емделушілер келіп, өз денсаулықтарын дұрыстап кетіп жүрді. Қолда барда алтынның қадірі жоқ деген қазақ; осы мекемені мемлекет сақтап қала алмады. Қаржы тапшылығы дегенді сылтау етіп, мекемені тарқатып жіберді. Бұл, сол аты-шулы 90-шы жылдардың нәтижесі еді. Ешкімге ешнәрсе керек емес уақыттар болды ғой. Осы мекемені қалпына келтіру үшін біраз тер төктім. Бірақ сол қаржы жетпегендіктен, ол ойымды іске асыра алмадым. Осы жұмыстан зейнетке шықтым.

Қатарларымның алдыңғылары болып үйлендім. Дәлірек айтсам, сыныптастар ішінде екінші болып от бас құрадық. Марқұм досым Қамбарұлы Сұлтан менен екі ай бұрын үйленген еді; мен екіншімін. Анамның қалауы солай болды. Жұбайым, анамның нағашы сіңлісі Айкерім, кішкенемізден

бірге өскенбіз. Жұбайым және қайын анам Орыншамен төрт бала, үш қызды ел қатарлы өсірдік. Қайын анамды өзіміз бен қоса атау себебім, біз жұмыс, қызмет деп жүріп балаларымыздың қалай өскенін білмей қалыппыз, барлығын, үй шаруасымен қоса жүріп, жаны жаннатта болғыр, анамыз өсірді десек тура болатын шығар. Сондықтан біздің балаларымыздың бәрі Апаларының ұл-қыздары болып өскен. Аллаһқа шүкіршілік, балаларымыздың барлығы дерлік жоғары білім алды, өз күндерін өздері көріп жүр десе болады. Айкерім екеуіміздің сол балалардан Алланың берген 12 немереміз бар.

Жастайымнан жақсы жандардың әсерімен, қайын анам Орынша мен туысқан ағамыз Сүлейменұлы Ермахан қаридің айтуымен намазға тұрдым, ораза ұстадым. Ұстазым Әбдіразақұлы Мәді қожаның жетекшілігімен араптың әріптерін үйреніп Құрани Кәрімді өз нұсқасында оқуды үйрендім. Зейнеткерлікке шыққаннан соң, Аллаһтың қалауымен қажылық парызымды өтеуді нәсіп етті. 2010 жылы **Мекка Мукарамада** болып қажылық парыз өтедім, одан соң, екі рет умрада болдым. Осылай Аллаһтың парыздарын орындап жүрмін деп отырмын, Аллаһ қабыл етсін.

Осы – менің қысқаша өмір жолым. Басқалай айта беретіндей ешнәрсе тындыра қойған жоқ секілдімін. Біреуден ілгері, біреуден кейін дегендей, жүріп жатқан жайым осы.

2014 жыл қаңтар айы.



Дербісов Ақмолда 1946 жылы 7 мамыр күні Шәуілдір ауылында дүниеге келген. 1964 жылы Жамбыл атындағы орта мектепті бітірген соң, Шымкент қаласындағы кооперативтік техникумға түсіп, аталған оқу орнын 1966 жылы бітірген.

1966–1987 жылдар аралығында Шәуілдір мемлекеттік банкісінде есепші, аға есепші, бас бухгалтердің орынбасары, бас бухгалтер қызметтерін атқарды.

1987 жылы «СССР-дің 60 жылдығы» атындағы совхозда кәсіподақ комитетінің есепшісі, құрылыс бөлімінің есепшісі қызметтерін өмірінің соңына дейін атқарды.

1995 жылы 2 қазан күні дүниеден өтті.

Ақмолда 1973 жылы 1 мамыр күні үйленді. Әйелі Баян есепші болып қызмет атқарған. 2013 жылдан бері зейнет демалысында. Екеуі екі қыз, екі ұл бала тәрбиелеп өсірді.

1974 жылы туылған үлкен қызы Гаухар жеке кәсіппен айналысады. Жұбайы Бауыржан Нұрлыбеков (Ақмолданың кластасы Нұрлыбеков Амангелдінің үлкен ұлы) – құрылысшы. Қазір «Квантум» ЖШС-нің Шымкент қаласындағы филиалының директоры. Екеуі 1 қыз, 2 ұлы тәрбиелеп отыр.

Екінші қызы Меруерт Ақмолдақызы 1976 жылы туылған; «Рауан» ЖШС-інде бас технолог болып қызмет атқарады. Жұбайы Нұржан Төлімбетов ішкі істер бөлімінің қызметкері; шені капитан. Бұл шаңырақта бір ұл, екі қыз тәрбиеленіп жатыр.

1977 жылы туылған Бекжан Отырар көгалдандыру мекемесінің бас есепшісі. Жұбайы Ұлжалғас ағылшын пәнінің мұғалімі. Екеуінің 2 ұл, 2 қызы бар.

Ғалымжан Ақмолдаұлы 1986 жылы туылған.

Ғалымжан Отырар аудандық емханасында экономист; жұбайы Гүлсезім Әділет басқармасында бас маман.

Бұл шаңырақта бір ұл өсіп келеді.



Дәулетбаева Тұрғанкүл:

Мен, Дәулетбаева Тұрғанкүл Ермашқызы, 1946 жылы 5 желтоқсан айында Көкмардан аулында дүниеге келгенмін. Әкем Ермаш, анам Жайсанкүл ауылдың белсенді қызметкерлері болды. Әкем Ермаш Ұлы Отан соғысына қатысып «Данк» орденінің иегері болса, анам ел басына қиыншылық туған кезде әйелдерге техниканы менгеруді оқытты. 17 жасар қыз оқуға ықыласы жоқ апаларымызды өленмен оқытқанмын деп еске алатын. Сондағы «Ақтолғай» әніне трак-

тор бөлшектерінен сөз құрап ән айтып, техниканы игеруді үйреткен екен. Сондықтанба, ана сүтімен берілген мамандық шығар, менде мұғалімдік мамандықты таңдадым.

1-7 сыныптарды ауыл мектебінде оқып, содан кейін Жамбыл атындағы орта мектептің 11сыныбын бітірдім. 1964 жылы Шымкент педагогикалық институтына түсіп, 1968 жылы тарих факультетін бітірдім. 1972 жылға дейін Қызылқұм аудандық оқу бөлімінде мектепке дейінгі балалар тәрбиесі инспекторы қызметін атқардым.

1972 жылдан Кентау қаласының Хантағы елді мекенінің №6 А.С. Пушкин атындағы қазақ орта мектебінде 35 жыл үздіксіз қызмет атқардым. Енбегім ескерілді. Мыңдаған үздік шәкірттерге, ғалымдарға, ғылым кандидаттарына бастау бердім. Соның нәтижесінде Қазақстан республикасының үздік мұғалімі төсбелгісімен марапатталдым. Хантағы елді мекенінде мұражай аштым. Оны қала, облыс көлемінде үлгілі етуге қол жеткіздім. Әлі күнге дейін шәкірттеріммен байланыстамын.

Жұбайым Қалмахан ертерек қайтыс болды. Балам Қанат Қалмахантегі – Атырау облысының экология департаменті бастығының орынбасары, келінім Нұрымбетова Гүлжан – Атырау қаласындағы Х. Досмұхамедов атындағы мемлекеттік университеттің психология кафедрасында оқытушы.

Екі немере сүйіп отырмын.



Жарқынбекова Қыздығой:

– Мен 1964 жылы Жамбыл атындағы орта мектептің 11-класын бітіргеннен кейін Талапты совхозы директорының хатшы-машинисткасы болып қызмет істедім. 1966 жылы тұрмысқа шықтым. 1968-1969 жылы «Темір» қой совхозындағы Абай атындағы орта мектептің жанындағы бір жылдық педагогикалық курсты оқып, бітірдім. 1969 жылы қазан айында сол совхозға көшіп келдік. 1968 жылы тұңғыш баламды босандым. Оны ата-енемізге бердім. 1969 жылы

екінші баламды желтоқсан айында тудым. Жолдасым осы совхозда шофер, кейіннен гараж меңгерушісі болып істеді. Өзім мектепте және балабақшада бірінеше жыл тәрбиеші болып істедім. 1996 жылдан бастап пенсияға шықтым.

Жұбайым екеуміз көп балалы болып, күміс медаль алдым. Ол 2006 жылы өмірден өтті. Қазір құдайдың берген 3 бала, 4 қызым бар. Барлығы да үйлі-баранды. Немерелерім өсіп жатыр.

Қазір Шымкент қаласының Қазығұрт мөлтек ауданында Үсен деген баламның қолында тұрамын. Қолымда келінім, екі немерем бар.



Жортуыл Шырынбек:

Мен, Жортуыл Шырынбек, 1946 жылы 14 тамыз күні шаруа отбасында туғанмын. 1964 жылы Жамбыл атындағы орта мектепті бітірдім. 1964-1965 жылдары Шәуілдір байланыс торабында радиотелефон монтері болып жұмыс істедім.

1965 жылы Алматы халық шаруашылығы институтына оқуға түсіп, оны 1969 жылы бухгалтер -экономист мамандығы бойынша бітірдім. 1969-1970 жылдары Совет Армиясы қатарында қызмет атқардым.

1970-1986 жылдар аралығында Балтакөл, Ақтөбе, Шілік совхоздарыда бухгалтер, аға бухгалтер, бас бухгалтердің орынбасары болып жұмыс істедім. 1987-1998 жылдары Шілік мал бордақылау совхозында бас экономист, 1999 жылы Шілік өндірістік кооперативінде заң кеңесшісі қызметтерін атқардым. 2000 жылдан зейнеткерлікке шыққанша, Шілік ауылдық ауруханасында кәсіпорынның менеджері болып жұмыс жасадым.

Шаруашылықта жұмыс істеп жүрген уақытта қосымша отызға жуық жоғарғы және орта оқу орнының студенттерінің өндірістік тәжірибеден өтуіне басшылық етіп, дипломдық жұмыстарына тиісті бағыт-бағдар бердім.

1971-1980 жыл аралығында Ақтөбе совхозы бастауыш комсомол ұйымының жетекшісі жұмысын атқардым. Бірнеше мәрте цехтық пария ұйымының хатшысы, совхоз партком мүшесі, аудандық комсомол комитетінің пленум мүшесі болып сайландым; насихатшылар тобының жетекшісі болдым; учаскелік сайлау комиссиясының хатшысы, халық санағының нұсқаушысы жұмыстарын атқарғанмын.

Облыстық партия комитетінің, аудандық партия және атқару комитетінің құрмет грамотасымен марапатталғанмын; совхоз дирекциясының, кәсіподақ комитетінің грамота, сыйқұрметтері бар.

Жұбайым Тұрғанкүл екеуіміз 6 ұл-қыз тәрбиелеп өсірдік. Құдайға шүкір, қазір 15 немере сүйіп отырмыз.



Исақұлова Әсемкүл:

Мен, Исақұлова Әсемкүл, 1947 жылы 18 тамызда дүниеге келдім.

1954 жылы Жамбыл орта мектебіне бірінші сыныпқа бардым.

1964 жылы Шәуілдірдегі Жамбыл атындағы он бір жылдық мектепті бітірдім.

1964-1968 жылы аралығында Қызылқұм аудандық байланыс тарабында бақылаушы болып жұмыс істедім.

1968 жылы Алматы республикалық комсомол мектебінде оқыдым.

1969 жылы Ташкент байланыс политехникумына сырттай сырттай оқуға түстім.

1969 жылы Республикалық комсомол мектебін бітірдім; сол жылы аудандық комсомол комитетіне қызметке тұрдым.

1989 жылдан бастап Көксарай байланыс тарабының меңгерушісі қызметін атқарып, сол жерден 2004 жылы зейнетке шықтым.

1975 жылы тұрмыс құрды. Қазіргі кезде отбасымда 1 қыз, 2 ұлым бар. Қызым – ғылым кандидаты. Үлкен ұлым әске-

ри істен сабақ береді. Екінші ұлым жол полициясында қызмет істейді. Бір келінім -дәрігер, екінші келінім – психолог. Олардан 6 немере сүйіп отырмын.



Киізбаев Тасболат:

– Мен, Киізбаев Тасболат Қарабекұлы 1946 жылы 11 желтоқсан айында Шәуілдір аулында дүниеге келдім. 1953 жылы Жамбыл атындағы орта мектептің бірінші сыныбына барып, 1964 жылы оны бітірдім. Сол жылы Алматы қаласындағы Абай атындағы педагогикалық институтқа оқуға түсіп, тарих факультетін 1968 жылы бітіріп шықтым. 1968 жылы Т. Ибрагимов атындағы мектепте мұғалім, 1972 жылы аудандық оқу бөлімінің методисі, мектеп инспекторы, ал 1985 жылы аудандық партия комитетінің нұсқаушысы, партиялық кабинеттің менгерушісі, бөлім менгерушісінің орынбасары болып қызмет істедім.

1991 жылдан аудан әкімдігінде бақылау, кадр, ішкі саясат бөлімдерінің менгерушісі болып істедім.

1993 тамыз айында Т. Ибрагимов атындағы орта мектептің директоры, 1996 жылдың соңына қарай Оңтүстік Қазақстан педагогикалық университеттің әдіскері қызметін атқардым.

2002 жылы Ш. Қалдаяқов атындағы орта мектептің мұғалімдігінен 2010 жылы зейнеткерлікке шықтым. Істеген еңбектерім, жұмыстарым өкімет тарапынан лайықты бағаланды. Осы жылдары бірнеше рет «Мақтау қағаздары» мен «Алғыс хаттарымен» марапатталып, социалистік жарыстың бірнеше рет жеңімпазы атандым. 1982 жылы аудандық оқу бөлімі социалистік жарыстың Одақ көлемінде жеңімпазы, 3 рет Қазақстан білім беру саласының жеңімпазы атанып, аудандық оқу бөлімінің жұмыс-тәжірибесі республика мектептері мен білім бөлімдеріне таратылды. Осы жылы «Қазақстанның білім беру саласының үздігі» төс белгімен марапатталдым.

40 жылдан астам уақыт ішінде ауданның білім саласында, партия қызметтерімен қатар, ауданның басшы орган саласында жауапты қызметтерді аброймен атқарып, 2010 жылы құрметті зейнеткерлікке шықтым.

Отбасылымын. 5 ұл-қыз тәрбиелеп, 16 немере сүйіп отырған жағдайым бар.



Қайназарова Гүлшаһар Отырар өңірінде туылып, Жамбыл атындағы он бір жылдық мектепті бітірген Гүлшаһар Алматы малдәрігерлік институтында мамандық алды. Осында жүріп Оралдың ақберен жігіті Хамитпен жұбы жарасып, Батыс Қазақстанға жол тартты. Ұзақ жылдар өңірдің экономикасын өркендетуге ат салысып, ұл-қыз өсіріп, немере сүйіп, ұрпақтарының қызығын көріп, бақытты ғұмыр кешіп жатқан жағдайы бар. Гүлшаһардың мектеп бітіргеннен кейінгі өмір жолдары жайлы жазба мағлұматтар қолымызға түспегендіктен де олар туралы суреттерді сөйлеткенді жөн көрдік.



Қасымбекұлы Мыңжасар Мыңжасарды біз мектепте жүргенде Машан деуші едік. Шын атының Мыңжасар екенін мектеп бітіріп, паспорт алар кезде білдік.. Мектеп бітіргенімізге елу жыл толған жиынға қатыса алмай, тағдырдың жазмышына көніп, бұл өмірмен ерте қоштасып кеткен Машанның ұлы **Қанат Мыңжасарұлы Қасымбек** әкесі туралы былайша толғанады:

– Әкем, Мыңжасар Қасымбекұлы, 1946 жылдың 1 қаңтарында қазіргі Отырар ауданы Шәуілдір ауылында дүниеге келген. 1953 жылы алғаш мектеп табалдырығын осы Шәуілдір ауылындағы Жамбыл атындағы орта мектепте аттаған. 1963 жылы аталған мектепті бітіріп, 1964 жылы Алматы қаласындағы Халық шаруашылығы институтына

(Нархоз) түсті. 1968 жылы осы институтты ауыл шаруашылығының есепші-экономисі мамандығы бойынша тамамдады. Әкем осы кездің өзінен өзін белсенді студент ретінде көрсете білген; бокс үйірмесіне қатысып, бірнеше жарыстардың жүлдегері болған.

1968 жылдың 30 қыркүйегінде алғаш еңбек өтілін Қызылқұм ауданы Талапты совхозының құрылыс цехында аға есепшісі болып бастады. 1976 жылдың 6-шы қаңтарында аталған совхоздың бас есепшісінің орынбасары қызметіне ауысты. 1982 жылдың 1 наурызында Қызылқұм ауданаралық ауыл шаруашылық бірлестігінің бас есепшісі қызметін атқарды. 1986 жылдың 4 наурызында Ақтөбе бөлімшесіне аға есепшісі болып кіріп, одан аға экономист болып ауысты. 1989 жылдың 27 қазанында Қарақоңыр ауылдық кеңесінің жанындағы халықтық бақылаудың төрағасы болып сайланды. 1991 жылдың 27 қарашасында Отырар ауданы бойынша салық инспекциясына бас есепшісі қызметіне тағайындалды, одан бас маман қызметтерін атқарды. 2009 жылдың 1 қаңтарында зейнеткерлік жасқа жетуіне орай, әкем осы Отырар ауданы бойынша салық басқармасынан құрметті зейнеткерлікке шықты. Осы жұмыс атқарған кезеңінің бәрінде әкем өзін достарының алдында, қызметтестерінің алдында адал еңбегімен, абыройлы ісімен сыйлы адам ретінде таныла білді. Өз ісін жетік меңгерген білімді де білікті маман ретінде таныла білді.

1973 жылы Отырар ауданы Қоғам елді мекенінің тумасы анам – Сара Сұлтанқұлқызымен отбасын құрған. Анамыз – Сара Сұлтанқұлқызы 1949 жылдың 12 тамыз айында дүниеге келген. Еңбек өтілін мектепте пионерлер жетекшісі болып бастап, одан ұстаздық қызметпен жалғастырды. Қазір зейнеткерлікке шыққан.

Бір қыз, бір ұл тәрбиелеп өсіріп, жетілдірді. Қызы – Роза Мыңжасарқызы Қасымбек, 1978 жылдың 27 қыркүйек айында дүниеге келген. Шәуілдір ауылының тумасы Алмасхан Мұхамедәшімұлы Әжіғабұлға тұрмысқа шығып, 2 ұл, 2 қыз тәрбиелеп отыр. Қазіргі таңда, Роза – Отырар

Ұлым Мұсабек пен келінім Гүлназдың қолында өмір сүрудемін. Үш ұл мен үш қызымнан 20 шақты немерелердің ортасында бақытты өмір сүрудемін. Ұлым Мұсабек полиция қызметкері де келінім Гүлназ Балдырған балабақшасында жоғарғы санатты тәрбиеші болып жұмыс жасайды.



Қамбаров Сұлтан 1946 жылы Оңтүстік Қазақстан облысы Шәуілдір ауданының Қызыл Түркістан ауылында шаруа отбасында дүниеге келген. 1964 жылы Жамбыл атындағы орта мектептің он бірінші сыныбын бітірген. Сұлтан өмірінің соңына дейін Арыс есеп шаруашылық мекемесінде дайындаушы болып қызмет атқарды.

1965 жылы Манапова Құттықыз екеуі үйленіп отбасын құрды. 6 ұл, 1 қыз бірінен соң бірі дүниеге келіп, шаңырақтарын шаттыққа бөледі. Айбар, Әбіш, Әділ, Батыр, Жаннұр, Ерқанат, Наздана сияқты перзенттері үйдің сәнін келтіріп, Сұлтанның өмірін шуақтандыра түсті. Ауданның сауда орындарында қызмет атқарған жары Құттықыз екеуі 7 баланы қатарынан кем қылмай тәрбиеледі.

1987 жылы 7 мамыр күні 37 мүшел жасында Сұлтан дүниеден озды. Артында қалған жары Құттығыз 7 баланы жеткізді. Шайқалған шаңырақты құлатпай, сақтап қалды. Қазір ол ұлды ұяға, қызды қияға қондырып, үлкен әулеттің ортасында шалқып отыр. Алты ұлдың, бір қыздың анасы, алты келіннің, бір күйеу баланың енесі Құттықыз – бұл күндері отыдай немере, он шақты шөбере сүйген бақытты әже.

Алланың жолына түскен Құттықыз екі рет қажылыққа барып келді. Ұрпақтары да иманды болып тәрбиеленді. Үлкен ұлы Айбар әкесі Сұлтанға бәдел қажылық жасап, перзенттік парызын өтеді.

Осылайша өмірден қыршын жастай кеткен Сұлтан досымыздың арты жақсы болып, оның артында қалған ұр-

пақтары әке атына кір келтірмей, керісінше, жақсы атын шығарып, әке салған жолды абыроймен жалғастырып келеді. Орнында бар оңалар деген осы шығар.



Нұрлыбеков Амангелді:

– Мен, Нұрлыбеков Амангелді бұрынғы Шәуілдір ауданының Қызыл Түркістан колхозында 1947 жылы қаңтар айының 10-ы күні туылдым. 1953 жылы Қызыл Түркістан бастауыш мектебінің бірінші сыныбына барып, 5-ші сыныпты Шәуілдірдегі Жамбыл атындағы орта мектепте жалғастырып, 1964 жылы осы мектептің 11-ші класын бітірдім. 1964-1967 жылдары Ванновка ауыл шаруашылығын механикаландыру техникумында оқып, техник-механик мамандығын алдым.

1967 жылдың сәуір айында аудандық автобазаға слесарь болып қабылдандым. Осы мекемеге есеп маманы қажет болуына байланысты мені Қостанай қаласындағы жеделдетіп оқытатын алты айлық есепшілер дайындайтын курсқа оқуға жіберді. Оқуды бітіріп келген соң, осы мекемеде материалдық есепші, көмекші экономист, т. б. жұмыстар атқардым. 1972 жылдан аудандық (финанс) қаржы бөлімінде екі жыл есепшінің көмекшісі болдым. 1974 жылы осы аудандағы Талапты совхозында МТМ-ға техник-нормалаушы болып қабылдандым. Осы совхозда материалдық бухгалтер, бөлімше есепшісі, есеп айыру бухгалтері қызметтерін атқардым. 1993 жылы совхоз таратылған соң, «Достық» өндірістік кооперативінде есепші болып, екі жыл жұмыс істедім. 1998 жылы Отырар аудандық пошта байланыс торабының шақыртуымен осы мекемеде 2010 жылдың қаңтар айына дейін бас есепші, одан соң,

Отырар аудандық әлеуметтік қорғау бөлімінде әлеуметтік қызметкер болып қызмет істеп, осы жерден зейнеткерлікке шықтым.

1968 жылы Түркістан ауданында туылған Мұхитдинова Заринамен тұрмыс құрып, отбасымызда бір қыз, бес ұл дүниеге келді. Жәудір 1970, Бауыржан 1973, Сержан 1975, Жеңіс 1978, Әлжан 1980, Қалжан 1983 жылдары туылып, шаңырағымызды шалқыта түсті. Қазір ұл-қыздарымның барлығы да шаңырақ көтерген; үйлі-баранды.

Қызым Жәудір Алматыдағы Қыздар педагогикалық университетін бітіріп, Алматы облысы Еңбекшіқазақ ауданының жігітіне тұрмысқа шықты; қазір Балтабай елді мекенінде балабақша меңгерушісі болып қызмет істейді.

Үлкен ұлым Бауыржан Шымкенттегі Қазақ химия – технология университетін қызыл дипломмен бітірді. Қазір Шымкент қаласында қызмет жасап, сонда тұрып жатыр. Сыныптас досым Дербісов Ақмолданың Гауһар есімді қызына үйленіп, бір қыз, екі ұл тәрбиелеп отыр.

Қалған 4 ұлымның барлығы да үйленген; құрылыс сәтінде жұмыстар жасап, бала-шағаларын асырап жатыр. Бұлардан көрген немерелерім мектепте үздік оқиды.

Бірінші немерем Жанат Алматыдағы С.Ж. Асфендияров атындағы Қазақ мемлекеттік медицина университеті стоматология факультетінің бакалавриаты мен интернатурасын қызыл дипломмен бітірді.

Екінші немерем Абылай Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті механика-математика факультетінің 3-ші курсында оқиды.

Бір немерем биыл мектеп бітірді; тағы біреуі 7-ші сыныпта оқиды.

Күміс алқа иегері, «Батыр ана» жұбайым Зарина Талапты совхозының балабақшасында тәрбиеші болып істеп, осы жерден зейнеткерлікке шықты.

Қазіргі кезде Отырар ауданының Көкмардан аулында үшінші ұлым Жеңіспен бірге немерелерімізді бағып, тұрып жатырмыз.



Нұров Төрербай:

– Бала кезімнен техникаға өте құмар болдым. Мектепте жүріп жүгері терген уақытта осы жүгері егу мен жинау жұмыстарын адам қолымен емес механизмдермен атқарса деген ой мазалайтын. Сонымен бірге инженер болуыма ағалар мен ағайлардың тілектері де себеп болды.

Алдыма осындай мақсат қойып 1965 жылы Жамбыл гидромелиорация құрылыс институтының гидромелиоративтік жұмыстарды механикаландыру (МГМР) факультетіне оқуға түстім. 1970 жылы осы институтты (ДГМСИ) үздік бітірдім. Гидромелиорация жұмыстарын механикаландыру мамандығы бойынша біздер алғашқы түлектер болдық. Сол себептен үздік бітірушілерге институтта жұмысқа қалу ұсынылды. Отбасы жағдайына байланысты, сол кезде әкем жетпістен асып кеткен болатын, ауылға келу қажет болды. Жолдамамен «Южводстрой» тресінің ПМК-23 мекемесіне келіп механик, шеберхана менгерушісі қызметін атқардым.

1970 жылы Темір стансасында совхоздарды, мекемелерді техникамен, шаруашылық заттармен жабдықтау базасы ашылған болатын. Сол базаға тракторларды, механизмдерді күтім жасау, ремонттау технологиясының тәртібін жүргізетін бөлім ашпақ болып, мамандар іздеп жатыр екен, соған мені шақырды. Сонымен, 1971 жылдың тамыз айында Темір материалдық техникалық жабдықтау базасына бөлім менгерушісі болып келдім.

Сол жылдары совхоздар түгелдей жүгері егісіне көшіп, одан жақсы өнім алып, оның совхоз экономикасына пайдалы екенін біліп, егіс көлемін жылдан жылға еселеп көбейтті. Егіс көлемі көбейген сайын техника саны артты.

Техникаға күнделікті күтімнен басқа ағымдағы жөндеу, күрделі жөндеу басқа да профилактикалық жұмыстар қажет. Осы жұмыстарды атқаруда аудан көлеміндегі шеберханалардың ішіндегі станоктардың саны аздығынан, техникалық сапасының ескіргендігінен, қуаты жетпеді. Осы кемшіліктерді толтыру мақсатында басқа аудандармен, орта-

лықтандырылған үлкен шеберханалармен, зауыттармен байланыс жасап, агрегаттық жөндеу әдістемесін жүргіздік. Жүгері өсіріп баптау, оны жинау жұмыстарына жылда жаңа маркалы сеялқалар, культиваторлар, комбайндар келіп тұрды. Соларды тез арада игеріп жұмысқа қосып отырдық. Мен басқарған бөлімнің негізгі міндеттері осындай еді, оны абыроймен атқардық. Осындай қызметіміздің арқасында егіс шаруашылығында түгелдей қол жұмысы қысқартылып, барлық жүгері өндіру технологиясы механикаландырылды.

1984-1986 жылдары Темір қаракөл қой зауытына бас инженер болып тағайындалдым. Шаруашылық жұмысында үзіліс болмайды; бір науқаннан кейін екіншісі басталады. Зауытта жылда 5-6 мың гектар жер айдалып, одан өнім алатынбыз. Механизацияның шаруашылықтың барлық саласына қатысы бар. Мал қораларды тазалаудан бастап су беру, жемшөп дайындау дегендей. Малға құрама жем дайындайтын агрегат, шөпті ұнтақтап бұршақ (гранула) жасайтын цехты іске қостық. Республикада алғашқы рет түйе сауатын механикаландырылған цехты пайдалануға бердік.

1986 жылы аудандық ауылшаруашылық басқармасы аудандық агроөнеркәсіптік бірлестік болып құрылды. Сонымен бірге механизация жұмысын бір жерден басқару мақсатында «Райагропромтехника» мекемесі жасақталды. Бұл мекеме басшысы директор әрі бірлестік бастығының механизация жөніндегі орынбасары болды. Лауазымды қызметке сайлау өтіп, аудан механизаторлары көпшілік дауыспен маған сенім артты.

«Райагропромтехника» аудан мұқтажын толық орындау үшін Одақтағы көптеген зауыттармен тікелей байланыста болды. Минск, Херсон, Кировоград, Вильнюс, Павлодар қалаларының зауыттары ауданда өз тірек бөлімшелерін орналастырып, біздің өтініштерімізді орындады. Иркутск облысының Шелехов қаласында ағаш дайындау учаскесін аштық. Сол ағаштан өзімізде есік, терезе жасайтын ағаш өңдеу цехын «ДОО» жұмысқа қостық. Қырғызстанның Қа-

рабалта қаласындағы механикалық зауытпен бірлесіп «Райагропромтехникада» шеге жасайтын станоктар қойдык.

Шаруашылықтар жекешелендіріліп, дала жұмыстары тоқтап, мемлекетте мал қалмаған соң, бірлестік өз қызметін тоқтатты. Мен 1998 жылы аудан әкімінің аппаратына ауыстым. Талапты ауыл округі әкімінің орынбасары қызметін атқардым. 2005 жылы Шәуілдір топтастырылған су жүйелері мекемесіне инженер болып ауыстым. Отырар ауданының тоғыз елді мекеніне таза ауыз су жеткізуге белсене араластым. 2010 жылы осы мекемедегі әріптестерім құрметпен зейнеткерлікке шығарып салды.

1972 жылы үйлендім. Жұбайым, Қаракұлова Науат Ыбраһымқызы – Шымкент қаласының қызы, санитарлық медицина маманы. Қызметте айтулы жетістіктерге жетуіме тілеулес болып, мені үй тірлігіне алаңдатпай, ұл-қыздарды тәрбиелеп, көмекші, ақылшы болған, жемісті еңбек етуіме жағдай жасаған теңдесі жоқ АЯУЛЫ ЖАН.

Екеуміз үш ұл, екі қыз өсіріп, тәрбиеледік. Үлкен ұлымыз Әділ, ішкі істер әскерінің подполковнигі, Отырар ауданының өрт сөндіру бөлімшесін басқарады. Қадір – Шәуілдір топтастырылған су жүйелері мекемесінде оператор. Қызым Гүлзинат жоғарғы білімді фармацевт, Шымкент қаласында жұмыс істейді. Жаннат қызымыз Шымкент қаласында универститетте сабақ береді. Еділ жоғарғы білімді қаржыгер, мұнай өнімдерін пайдалану саласында еңбек етеді. Ұлдарымыз үйленіп, қыздарымыз тұрмыс құрған. Немерелердің алды – студент, болашақ мұнайшы.

Жоғарғы білім алып, ол білімді өндірісте пайдаланып, қызметте жетістікке жетуімнің негізі – алғашқы мектеп қабырғасында алған білім. Дәріс берген мұғалімдер, бірге оқып қатар партада отырған сыныптастар жиі-жиі еске түсіп тұрады. Мен Шәуілдір, Қызылқұм, Отырар аудандарының орта білім беру мектептер қара шаңырағының түлегі болғанымға мақтан етемін. Ол қарашанырақ – ЖАМБЫЛ атындағы орта мектеп.



Ордабаев Амангелді 1946 жылы 11 қарашада Шәуілдір ауданы Темір стансасында дүниеге келген. Еңбек жолын мұғалімдіктен бастаған ол 1975 жылы аудандық ауылшаруашылық басқармасында агрохимик, бас агроном, 1981-1982 жылдары «Талапты» совхозының бас агрономы, 1982 жылдан бастап партиялық қызметке ауысты.

1982-1989 жылдар аралығында Қазақстан Компартиясы Қызылқұм аудандық комитеті ауыл шаруашылығы бөлімінің менгерушісі, 1989-1990 жылдары аудандық партия комитеті жанындағы партиялық-бақылау комиссиясының төрағасы, 1990 жылдан бастап Қазақстан Компартиясы аудандық комитетінде партия ұйымдастырушысы болып қызмет атқарды. 1992 жылы аудандық Кеңес төрағасы.

1994 жылы қаңтар айында аудандық ауылшаруашылығы басқармасы бастығы қызметіне тағайындалып, бұл қызметті 1997 жылдың соңына дейін атқарды. 2001-2002 жылдар аралығында «Түркістанэнерго» МКК-ның Отырар аудандық бөлімшесінде инженер болып істеді.

2003 жылдың 20 наурызынан Отырар ауданы әкімі аппаратының басшысы, 2007 жылдың 2 сәуірінен Отырар ауданы әкімінің кеңесшісі қызметін атқарды.

Партия, кеңес, аудан әкімі аппаратында жүрген кезінде А. Ордабаев ел арасында ұйымдастырушылық қабілетімен, үлкен адамгершілік қасиетімен құрметке бөленді. Амангелді Ордабаев білікті маман, іскер қызметкер, ақкөңіл азамат ретінде көпшілікке танымал болды. 2007 жылы сын-ныптастарына сыйлы дос, үлкен азамат өмірден озды.

1972 жылы Амангелді Әлиева Ұлбалаға үйленген, кәзіргі уақытта қыздары Феруза, Гүлнұр Алматыда тұрады, олардан немерелер бар. Үлкен ұлы Арнұр қарашаңырақта, энергетика саласында инженер, үйленген ұл қыздары бар. Кіші ұлы Бекнұр Алматы қаласында, Алматы қалалық жер қатынастары бөлімінде заңгер, үйленген.



Орынбеков Абылайхан 1946 жылы 1 қаңтарда Оңтүстік Қазақстан облысы, қазіргі Отырар ауданы, Маяқұм ауылында дүниеге келген (Әкесі Маханбетов Орынбек, анасы Ләпиева Қарқара).

1960 жылы Талапты жеті жылдық мектебін, 1964 жылы Жамбыл атындағы орта мектепті бітірген.

1964 жылы Қызылорда қаласындағы Н.В. Гоголь атындағы мемлекеттік педагогикалық институтының ән және музыка факультетіне түсіп, оны 1969 жылы бітірген.

1967 жылы Қызылорда қаласында ұйымдастырылған «Сыр сұлуы» ән-би ансамблінің құрамында жеке әншісі ретінде Қазақстан Республикасының Москвадағы әдебиеті мен өнерінің онкүндігіне және 1968 жылы Болгарияның София қаласында өткізілген Бүкіл дүние жүзінің жастарының фестиваліне қатысқан.

1967-1987 жылдары әншілердің Бүкіл Одақтық байқауларына қатысып, лауреат атанған.

1970 жылдың қараша айынан бастап Шәуілдір ауылындағы Ш. Қалдаяқов атындағы орта мектебінде өз мамандығы бойынша жемісті еңбек етіп, аудан көлеміндегі түрлі мәдени-көпшілік, өнер саласындағы жұмыстарға белсене араласып келеді.

Абылайхан Орынбеков әуесқой сазгер. Оның қазіргі уақытта белгілі болған: «Түркістан» (М. Жұмабаев), «Туған жеріме» (Т. Айбергенов), «Аңыз болған Отырар» (Б. Сұлтаев), «Сыңарым» (Ж. Ерманов), «Балалардың бақыты» (С. Мәуленов) т.б. шығармалары бар.

Облыстық, аудандық әуесқой сазгерлер байқауларында бірнеше рет жүлделерге ие болған.

2006 жылы «Отырар таланттары-2006» III халық өнер фестивалінде көрсеткен жоғары орындаушылық шеберлігі

мен шығармашылық табыстары үшін «Ш. Қалдаяқов атындағы» – үздік сазгер жүлдесімен марапатталған.

Мектепте өз пәні бойынша оқушыларға білім беруде шығармашылықпен жұмыс істеуде. Аудан тарихында тұңғыш рет өзі жұмыс жасайтын мектепте құрамында 100 оқушыға дейін қатысатын көп дауысты хор және капелла ұжымы ұйымдастырылып, ол осы уақытқа дейін жұмыс жасап келеді. Мектеп хор ұжымы облыс көлеміне мәлім болған. Жылда өтетін облыстық және аудандық оқушылардың өнер фестивалдерінде үздіксіз лауреат болып келді.

Абылайхан Орынбековтің осындай қажырлы да, жемісті еңбектері ескеріліп, оған «Аға мұғалім» (1989), «ҚР Білім беру ісінің үздігі» (2000), «Ы. Алтынсарин» медалі (2008) атақтары берілген.

Абылайхан Орынбеков абзал азамат болуымен қатар бақытты отбасының отағасы да еді. Зайыбы Айсұлу Әмзеева да Абылай секілді «ҚР Білім беру ісінің үздігі», Ш. Қалдаяқов атындағы орта мектептің озат мұғалімі болып істеді.

Екеуі тәрбиелеп өсірген екі ұл, үш қыздың бәрі де жоғары білімді. Үлкені Мәди экономист болса, екінші ұлы Өсербай – журналист; Гүлжазира – есеп қызметкері; ҚазМҰУ-ды қызыл дипломмен бітірген Бақыт аспирантураны тәмамдап, қазір диссертациясын қорғауға дайындық үстінде; кенжесі Салтанат – банк саласының маманы. Балаларынан алты немере сүйді.

Ән шырқағанда шашын шалқасынан қайырып тастап, баян аспабына қосып, зор дауысымен «Жайық қызы», «Жылқышы әні» секілді әндерді құйқылжыта шырқайтын өзіміздің Абылақтың (Абылайхан Орынбековтің) бейнесі көз алдымызда қалып қойды.

Ең бастысы Абылайхан Орынбеков от басында да, қызметтестерінің, достарының арасында да, өнерде де аспайтаспай, қарапайым өмір сүріп, артына өзі туралы жақсы сөз, жақсы із қалдырды.

Пазылбеков Жанәділ:

– Менің еңбек кітапшамда екі-ақ жазу бар. Біріншісі – «Талапты совхозының Талапты бөлімшесіне механизатор болып қабылдансын, 16 шілде 1964 жыл». Ол кезде тракторлар өте аз болатын. Мен екі жылдай бөлімшеде қара жұмыс істеп, 1966 жылдан өзіме бекітілген тракторды айдадым.

Талапты совхоздың егіспен де мал шаруашылығымен де айналысатын үлкен бөлімшелерінің бірі болатын. Ерте көктемнен бастап жаздай, қара күзге дейін жүгері егіп шөп дайындап, қыстай мал қыстату науқанына қатысатынбыз.

Екіншісі – «КСРО 60 жылдығы атындағы совхоздың Талапты бөлімшесіне механик болып тағайындалсын, 12 ақпан 1985 жыл». Бөлімшенің жұмыстары түгелдей механикаландырылып, техниканың саны жүзден асып кетті. Осы механизмдерді өз дәрежесінде жұмыс істету үшін тәжірбиелі механик қажет болды.

Жиырма жылдан астам механизация саласында еткен еңбегім бағаланып, 1986 жылы ақпан айында үшінші дәрежелі «Еңбек даңқы» орденімен марапатталдым. Бұл орденді сол кездегі аудандық партия комитетінің бірінші хатшысы Ұ. Арғынбеков омырауыма тақты. Бес жылдан кейін 1991 жылы екінші дәрежелі «Еңбек даңқы» орденінің иегері атандым. Жоғарғы награданы облыс басшысы С.А. Терещенко салтанатты түрде табыс етті. Бұл ордендермен марапаттауға құжаттар дайындауда көп көмегін тигізген Аманкелді Ордабаев сыныптасымның еңбегін атағым келеді.

Совхоз тарап, дүние-мүліктің бәрі жекеменшікке өткен соң менде 1997 жылы «Пазылбек» шаруа шаруашылығын құрып еңбек еттім. 2010 жылы зейнеткерлікке шықтым.

1967 жылы ауылдың қызы Тұрсынқұл екеуміз отау құрдық. Екеуміздің байлығымыз – бес ұл, бір қыз тәрбиелеп өсірдік. Үлкен ұлымыз Төреқұл 1968 жылы туылған; арнаулы орта білімді, аудандық спорт мектебінде шаруашылық

менгерушісі. Бердіқұл баламыз – 1970 жылғы, Құмкөлде мұнайшы. Мақсат – жоғарғы білімді маман, Астанада спорт мектепте жатықтырушы. Ғани – кәсіпкер, Алматы қаласында тұрады. Майра 1977 жылы туылған, жоғарғы білімді педагог; Шардара қаласында мектепте мұғалима. Кенжеміз Ұлан – 1980 жылғы, «Пазылбек» шаруа шаруашылығының торағасы. Балаларымыз шамасы келгенше еңбек етіп, отбасын құрған. Немерелеріміз өсіп жатыр, үлкен немереміз жоғарғы білімді, уақытша жұмыссыз.

Мен түрлі себептермен білімімді жоғарылата алмадым. Жамбыл атындағы мектептен алған орта білім туралы аттестатпен бірге берілген механизатор куәлігі маған қырық алты жыл еңбек етуіме мүмкіндік берді. Жамбыл атындағы мектепте білім алғаныма рахметімді айтып жүремін. Мектепте бірге оқыған сыныптастарымды мақтан етемін.



Рәтқұлұлы Асқар:

– Әкеміз 1938 жылы армияға әскери борышын өтеуге барып, содан 1941-1945 жылы Ұлы Отан Соғысына қатысып, елге аман-есен оралған. Мен 1947 жылдың 9 ақпанында туылыппын. Әкем Рәтқұл, шешелерім Сәулен, Тұрсынқұл дүниеден өткен (жатқан жерлері жайлы болсын). Тұңғыштары мен, менен кейін үш қыз, бес ұл бар. Бәрі бүгінде үйлі-жайлы, балалы-шағалы, келін алып, қыз ұзатып, немерелі болып отырған жайлары бар.

Соғыстан кейін туылған азаматтардың бәрі де бақытты ғой. Алғашқы 2-3 жылы қиындау болған екен; қалған уақыттың бәрінде қарнымыз тоқ, балалық шағымыз, есейген кезімізде де Совет үкіметі үлкен қамқорлықпен қарап, тегін оқытып, жұмыс істедік. Қазақстан егемендік алған соң да жағдайымыз жақсы болды, соған аллаға шүкіршілік етеміз.

1953 жылы 1-ші сыныпқа бардым. 1957 жылы 5-ші сыныпқа Жамбыл атындағы орта мектепке барып, оны 1964 жылы бітіріп шықтым. 1965 жылы Талдықорғандағы Зоо-

ветеринарлық техникумға түсіп, 1971 жылы зоотехник мамандығымен бітіріп шықтым.

1966-1969 жылдар аралығында Совет Армиясы қатарында Ташкент, Толятти қалаларында азаматтық борышымды өтедім. Техникумды бітірген соң, жолдамамен Алматы облысы, Күрті ауданы Топар совхозына бөлімшеге зоотехник етіп жіберді. 1972 жылы туған ауылыма оралып, 1998 жылға дейін Көкмардан бөлімшесінде ірі қара фермасында техник-ұрықтандырушы, зоотехник, ірі қара бригадирі, қоймашы, бөлім меңгерушісі қызметтерін атқардым. Қай жұмысқа жіберсе де абыройлы болдым.

1998 жылдан бастап Талапты ауыл әкімшілігінде салық агенті, кейіннен іс басқарушысы міндетін атқарып, 2010 жылы ақпан айында құрметті зейнеткерлік жасқа келіп, еңбек демалысына шықтым.

1972 жылы 1951 жылы туылған Мансұрқызы Сайлау-күлмен көңіл қосып, отбасын құрдык. Ол Көкмардан ауылында медсестра, кейін балалар бақшасында істеп, 1996 жылы құрмет демалысына шықты. Құдайға шүкір, 3 қыз, 2 ұлды болып, соларды ержеткізіп, ұлды ұяға, қызды қияға қондырып, немерелер сүйіп отырмыз. Құда-құдағиларымыздың бәрі бұрыннан араласып жүрген жақсы адамдар.

Үлкен қызым Аякөз 1973 жылы туылған. Күйеу балам Жеңіс Түркістан қаласында жеке кәсіпкерлікпен айналысады. Олардан үш немерем бар, алды университетте оқиды.

Ортаншы қызым Эльмира 1975 жылы туылған. Балабақшада жұмыс атқарады. Күйеу балам Нұржан темір жолда жолсерік, қазір Астана қаласында тұрады. Бұл шаңырақта мектепте оқитын екі немерем өсіп келеді.

Кіші қызым 1979 жылы туылған Ұлжан Көкмардан мектебінде мұғалім. Күйеу балам Сейділда мектепте кіші қызметкер, бұлардан төрт немерем бар.

Үлкен ұлым Елдос 1980 жылы туылған. Келінім Манат екеуі де мектепте мұғалім болып жұмыс істейді. Төрт немеремнің алды мектепте, кішісі балабақшаға барады.

1980 жылғы кіші ұлым Жандос (егіздің сынары) Астана қаласында темір жолда диагностикалық орталықта жұмыс істейді. Келінім Меруерт бала күтімімен үйде; екі немерем бар.



Садықбеков Есенғали:

– Мен Садықбеков Есенғали Отырар ауданының Шәуілдір аулында 1947 жылы 31 қаңтарда дүниеге келдім.

1953 жылы осы ауданның «Сталинабад» колхозындағы «Кеңес» 7 жылдық мектебінде 1-ші кластан 7-ші класқа дейін, одан кейін Шәуілдірдегі Жамбыл атындағы орта мектепте 11 класты бітірдім.

1964-67 жылдары Ванновка ауылшаруашылығын механикаландыру техникумындағы техник-механик даярлайтын бөлімін бітірдім.

1967 жылы Шәуілдірдегі «Комхоз» мекемесінде көлік жүргізушісі болып еңбек жолын бастадым.

1979 жылы аудандық ПАТП-да техникаларды тексеру механигі болып қызмет атқардым.

2010 жылы зейнеткерлікке шықтым.

Әуелай Сыздық Тұрсынханқызымен отбасын құрып, бүгінгі таңда 7 ұл-қыз өсірген үлкен отбасы болып отырмыз. Жарым Әуелай Отырар ауданындағы Темір ауылының тумасы. 1974 жылдан бастап Отырар ауданындағы Тұтынушылар одағында сатушы болып қызмет атқарып, зейнеткерлікке шықты.

«Батыр ана» алтын медалінің иегері.

Ұлдарымызды ұяға, қыздарымызды қияға қондырып отырмыз.

1975 жылғы үлкен қызым Эльвира жұбайы Нұржанмен Шымкент қаласында тұрады. 1 ұл, 1 қыз өсіріп отыр.

1979 жылы туылған ұлым Спартак жанұясымен Түркістан қаласында тұрады.

1984 жылғы қызым Эленора күйеу баламыз Сапархан екеуі 1 ұл, 1 қыздың ата-анасы.

1991 жылы туылған қызым Гүлфайрус Алматы қаласында 100 Рамстор Қазақстан супервайзер болып жұмыс істейді.

1992 жылғы Сағынғали «Алтынтараз» сауда орталығында контролер болып жұмыс істейді. Басқа балаларымыз Алматы қаласында, әрқайсысы әр саланың мамандық иелері.

Алланың берген 9 немересі бар.



Төлегенова Рысты:

– Мен, Төлегенова Рысты, 1945 жылы 9 мамырда Көкмардан ауылында дүниеге келгенмін. 1953 жылдың 1 қыркүйегінде бірінші сыныпқа Көкмардан мектебіне бардым. 1960 жылы 7 сыныпты бітіріп, Жамбыл атындағы орта мектептің 8 сыныбына оқуға келдім. 1964 жылы 11 сыныпты бітірдім.

Шәуілдірдегі екі жылдық медучилищені бітірдім.

Шәуілдір ауылындағы ауруханада ұзақ жылдар медбике болып жұмыс істеп, 1995 жылы зейнеткерлікке шықтым.

Пәрменов Сәдірханмен тұрмыс құрып, алты бала, бір қыз тәрбиелеп өсірдім. Бәрі де өмірдегі өз орындарын тауып, қызметтерін істеп жүр. Осы балаларымнан 23 немере сүйіп отырмын.

Жұбайым Сәдірхан 2011 жылы дүние салды.

Өзім бала-шағамның ортасында бақытты өмір кешіп жатырмын.



Төлеубаев Серік Төлеубайұлы 1947 жылы Оңтүстік Қазақстан облысының Отырар ауданында дүниеге келген. Жамбыл атындағы орта мектепті 1964 жылы алтын медальмен бітіріп, Алматы мемлекеттік медицина институтының емдеу факультетіне түскен.

Институтты бітірісімен 1970-72 жылдары Кеңес Әскерінің қатарында дәрігер болып қызмет атқарды. 1972-73 жылдары Алматы қаласында жедел жәрдем көрсету станциясында дәрігер болып қызмет істеді.

Ал, 1973 жылдан бастап осы уақытқа дейін Шымкент қаласында медицина саласында қызмет атқарып келеді:

– 1973-77 жылдары Қорғасын заводының емханасының цех терапевт-дәрігері;

– 1977-1981 жылдары осы емхананың бас дәрігері;

– 1981-1991 жылдары №2 медицина бірлестігінің бас дәрігерінің орынбасары;

– 1991-1992 жылдары қалалық денсаулық сақтау бөлімі меңгерушісінің орынбасары, одан кейін меңгерушісі қызметтерін атқарып келді.

1992 жылдан осы уақытқа дейін Шымкент қалалық «Чапаевка» емханасының бас дәрігері.

Жоғары дәрежелі дәрігер, «Отырар ауданының құрметті азаматы».

«Қазақстан Республикасы тәуелсіздігінің 20 жылдығы» медалімен марапатталған. 1999-2003 жылдары Шымкент қаласының мәслихат депутаты болып сайланған.

Жұбайы Төлеубаева (Көлбаева) Балхаш – жоғары дәрежелі акушер-гинеколог. Қызы Төлеубаева Сәуле – дәрігер, ұлы Қанат – білім беру саласының қызметкері.

Қазіргі уақытта Төлеубаев Серік – 6 немеренің атасы.



Төрегелдиев Қалмахан:

– Мен, Төрегелдиев Қалмахан, 1946 жылы наурыз айының 18 күні дүниеге келгенмін. Мектеп бітірген соң 1965 жылы Совет Армиясы қатарына шақырылып, 1968 жылдың қыркүйегіне дейін Отан алдындағы азаматтық борышымды өтеп қайттым. Жауынгерлік қызметім жоғары бағаланып, полк командирінен алғыс алдым, «Письмо на Родину» марапаттау хатын және әскери шенім өсіп старшина болып елге оралдым.

Ауылға келіп түрлі мекемелерде жүргізуші болып жұмыс істедім. Армия қатарында жүргенде, офицер болғым келетін, сол мақсатпен 1971 жылы ішкі Істер саласына өз өтінішімен бардым. Аудандық ішкі істер бөлімшесінде түрлі қызметтер атқардым, бірнеше ауылда учаскелік инспектор, қылмыстыларды іздеу бөлімінің бастығы, кезекшілер бөлімінің бастығы болдым.

Қызметте көптеген марапаттаулар болды. Есте қалғаны 1987 жылы облыстық партия комитетінің бірінші хатшысы С.А. Терещенконың қолынан алған «Мемлекет алдындағы адал қызметі үшін» наградасы.

1994 жылы қараша айында зейнеткерлікке шықтым.



Тілеукабылова Азиза Төлепқызы 1947 жылдың 10 ақпанында Оңтүстік Қазақстан облысы, Қызылқұм ауданының, Коммунизм ауылында дүниеге келді.

1953 жылы Коммунизм ауылдық Кеңес 7-жылдық мектебіне барды. Бастауыш сыныпта алғашқы ұстазы Нәлтен Садуовадан дәріс алды. 5-7 сынып аралығында Әбдікерім Есжанов сынып жетекшісі болды.

1961-1964 жылдар аралығында аудан орталығындағы Ж. Жабаев атындағы 11 жылдық мектепті бітірді.

1964 жылы аудан орталығы Шәуілдірдегі медициналық училищеге түсіп, 1966 жылы аяқтады.

1965 жылы тұрмыс құрды.

Жолдасы – Тілеукабылов Әшірбек, Қызылқұм ауданына қарасты Түркістан совхозында мал маманы болып қызмет атқарған.

Тілеукабылова Азиза Төлепқызы, 1966 жылдан бастап совхоз орталығындағы ауруханада медбике болып еңбек етті.

Азизаның ұл-қыздары – жоғары білімді маман иелері.

Ол – бұл күндері 12 немере сүйіп отырған зейнеткер; екі дүркін екі дүркін қажылыққа барып, «қажы» атанған ардақты әже.

Шотыбаев Тоқтасын:

– Мен, Шотыбаев Тоқтасын 1947 жылы Қызылту колхозында туылғанмын. Әкем Шотыбай, шын аты Сәрсенбай, диханшылығына қоса етікшілікпен де айналысқан екен.

1953 жылы Қызыл Түркістан бастауыш мектебінің бірінші класына бардым. 1957 жылдан Қоғам жетіжылдық мектебінде оқыдым. 1961-1964 жылдары Шәуілдірдегі Жамбыл атындағы орта мектептің интернатында жатып, оқыдым.

1965 жылы совхоздың жолдамасымен Сарыағаш ауданы Қапланбек елді мекеніндегі техникумға сырттай оқуға түсіп, оқу мен енбекті бірдей жалғастырдым. 1966 жылы ДЭУ-364 жол салу мекмесінде жәрдемші бухгалтер, ал 1966-1972 жылдары аудандық №39 аптекада бухгалтер болып істедім. 1973 жылы Байыркұм совхозының хозрасчный магазинінде (ХРМ) товаровед болдым. Аудандық ветлабораторияда, райфинотделде, тағы басқа мекмелерде жұмыс атқардым.

Барлық жұмыс атқарған жерімде ешкімге қиянат жасағаным жоқ, кісі ақысын жегенім жоқ; адал енбегіммен күн көрген жанмын.

1995 жылдан жеке кәсіппен айналыстым.

2010 жылы пенсияға шықтым.

1966 жылы 20 тамызда үйлендім. Жұбайым Несібелі Жантерекова екеуміз алты ұл-қыз тәрбиелеп өсіріп, үлгілі жанұя бола білдік. Барлық балаларым жоғарғы білім алып үйленді; немерелер сүйдік.

Несібелі аудандық перзентханада жұмыс істеп, ел құрметіне бөленді, босанған әйелдер рахметін жаудырды. Бір өкініштісі әйелім Несібелі зейнеткерлікке шыққан соң, көп ұзамай, 2003 жылдың 1-шілдесінде ұзаққа созылған бүйрек ауруынан өмірден озды.

Қазір Шәуілдір ауылында балаларым мен немерелерімнің ортасында тұрып жатырмын.



Дандай Ысқақұлы филология ғылымдарының докторы, профессор, Қазақстан Республикасы Гуманитарлық Ғылымдар Академиясының және Халықаралық Айтматов Академиясының академигі, Қазақстан Жазушылар және Журналистер Одағының мүшесі, С. Демирел атындағы университет ректорының ғылыми істер жөніндегі кеңесшісі Дандай Ысқақұлы 1946 жылы мамыр айының 27-ші жұлдызында Оңтүстік Қазақстан облысы Отырар ауданының Қоғам ауылында дүниеге келген.

Д. Ысқақұлы Қоғам жетіжылдық (1953-1961) және аудан орталығы Шәуілдірдегі Жамбыл атындағы орта мектептерінде (1961-1964) оқыған. Ол 1964-жылы сол кездегі Қазақтың С. М. Киров атындағы мемлекеттік университетінің филология факультетіне оқуға түсіп, оны 1969-жылы «Қазақ тілі мен әдебиеті» мамандығы бойынша бітіріп шығады. Университетті тәмамдаған соң, әскер қатарына шақырылып, 1969-1971 жылдары Совет Армиясы қатарында взвод, рота командирі қызметтерін атқарады. Әскерден оралған соң, азырақ уақыт Алматы облыстық «Жетісу» газетінде қызмет жасайды. 1972-1975 жылдары Қазақ ССР Ғылым Академиясы М.О. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының аспирантурасында оқиды.

1975-жылы филология ғылымдарының докторы, профессор Рахманқұл Бердібайдың жетекшілігімен «Отызыншы жылдардағы қазақ әдеби сыны» деген тақырыпта филология ғылымдарының кандидаты ғылыми дәрежесін алу үшін диссертация қорғайды. 1975-1977 жылдары ҚР Ұлттық Ғылым Академиясы М.О. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтында кіші ғылыми қызметкер болады. Осы жылдары республикалық жас ғалымдар советінің мүшесі ретінде оның филологиялық саласын басқарды.

Дандай Ысқақұлы 1977 жылдан бірыңғай педагогикалық қызметте. Ол 1977-1987-жылдары Әл-Фараби атындағы

қазақ ұлттық университеті журналистика факультетінің аға оқытушысы, доценті, кафедра меңгерушісі қызметтерін атқарды. Қоғамдық жұмыстарға белсене араласып, «Қазақ университеті» газетінің редакторы болды.

1994 жылы профессор Т.Кәкішевтің жетекшілігімен «Қазақ әдеби сынының ғылыми негіздері» бойынша докторлық диссертациясын қорғады. Ол 1995 жылдан 2000 жылға дейін «Қазақ әдебиеті», кейіннен «Қазақ әдебиетінің тарихы мен сыны» кафедраларында профессорлық қызмет атқарды.

Д. Ысқақұлы 2000 жылы Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетіне (Астана) қызметке шақырылды, 2004-жылға дейін «Қазақ және шетел әдебиеті» кафедрасының профессоры болды. Ол 2004-жылдың тамыз айынан бастап, 2012-жылдың қыркүйегіне дейін С. Демирел атындағы университеттің проректоры қызметін атқарды. Қазір осы университет ректорының кеңесшісі қызметінде.

Ғалымның шығармашылық жолы мектеп қабырғасында жүріп, аудандық газетке мақалалар жазып тұрудан басталған. Оның сын-зерттеу мақалалары университеттің үшінші курсына оқып жүрген 1967 жылдан бері қарай баспасөз бетінде үзбей жарияланып келеді. Қазір ол – қазақ әдебиеті мен өнерінің түрлі мәселелеріне арналған бес жүзден астам мақаланың, үлкенді-кішілі 20 кітаптың авторы. Сонымен бірге он екі томдық «Қазақ Совет Энциклопедиясы» (II-XII томдар), төрт томдық «Қазақ ССР. Қысқаша Энциклопедия» (IV том), «Қазақстан. Ұлттық энциклопедия» (I-VI томдар), Мәскеуде шыққан тоғыз томдық «Қысқаша әдеби энциклопедия» (орыс тілінде, IX том), «Түркістан», «Қазақ әдебиеті», «Абай», «Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы», «Сұлтанмахмұт Торайғыров» энциклопедиялары, академиялық «Стиль сыры» (1977), «Дәстүр және жаңашылдық» (1980), «Көкейкесті әдебиеттану» (2001, 2002, 2004), «Қазақ әдебиеті тарихының қысқаша курсы» (2002), «Әдебиет теориясы» (2003), көптомдық «Қазақ әдебиетінің тарихы» (VII том, 2004; XI том, 2007), екі томдық «Қазақ әдебиет-

тану ғылымының тарихы» (2008), «Қазақтың жүз романы», т.б. сияқты іргелі еңбектерді жазуға катысқан.

Ғалымның «Әдеби көркем сын» (1987), «Сын шын болсын» (1993), «Сын жанрлары» (1999), «Сын өнері» (2001) сияқты еңбектерінде әдеби сынның теориялық мәселелері қазақ әдебиеттануында алғаш рет арнайы зерттелініп, жеке ғылым саласы ретінде негізі салынды.

«Сынсонарда» (1993) қазақ әдеби сынының соғысқа дейінгі дәуірдегі қалыптасу, даму жолдары қарастырылады. «Сынталқы» (2005) қазақ әдебиеттану ғылымының әлі де болса жете зерттелінбей келе жатқан тұстарын пайымдауға арналған.

Д. Ысқақұлының осы саладағы ең елеулі де іргелі еңбектері – екі томдық «Қазақ әдеби сынының тарихы» (2011) мен «Әдеби сынның тарихы» (2012). Қазақ әдеби сынының тарихы есте жоқ ескі замандардан бастау алады, оның пайда болып, дамуында халықтық эстетика, жыраулық, ақындық дәстүр, баспасөздің пайда болуы, қазақ кітаптарының шыға бастауы, қоғамдық ғылымдардың дамуы, жалпы қоғамдық өмірдің рухани-саяси жағынан жетіле түсуі сияқты көптеген әлеуметтік факторлар шешуші рөл атқарса, осы мәселелер монографияларда жан-жақты зерделенген. Еңбекте қазақ әдеби сынының жүріп өткен жолдары, тарихы бүгінгі күн биігінен сараланады. Тәуелсіздік тұсындағы қазақ әдеби сынының мәселелері арнайы сөз болған.

«Әдебиет айдынында» (2009) қазақ әдебиетіне, оның сыны мен ғылымына елеулі үлес қосқан Нәзір Төреқұлов, Мағжан Жұмабаев, Қажым Жұмалиев, Темірбек Қожекеев, Рахманқұл Бердібай, Зейнолла Қабдолов, Зәки Ахметовтардың ұлттық руханиятқа сіңірген еңбектері жан-жақты сараланады.

Ғалымның бірсыпыра еңбектері қазақ әдебиетінің түрлі шығармашылық мәселелеріне арналған. «Әдебиет өрнектерінде» (1996) XIX ғасырда жасаған Шортанбай жырларындағы әлеуметтік сарынға, Абайдың аудармаларына назар

аударылған. Д. Ысқақұлы жиырмасыншы ғасырдағы қазақ әдебиетінің аса көрнекті өкілдері М. Жұмабаев («Қазақ елі, бір ауыз сөзім саған», 2004), М. Әуезов («М. Әуезов. Талант пен тағдыр», 1997), С. Мұқанов («Парасат пайымдары», 2000), Ғ. Мүсірепов («Сырбаз суреткер», 2002), М.Ж. Көпеев («Мәшһүр Жүсіптің ой өрімі», 2010. Б. Ысқақпен бірге) жайлы жеке кітаптар жазды.

Жиырмасыншы ғасырдағы қазақ әдебиетіне арналған «Әдебиет алыптары» (2004) атты көлемді зерттеуінде де осы кездерде өмір сүріп, әдебиет әлемінде өзіндік ерекшеліктермен жарқырай көрінген алыптарымыздың өмірі мен шығармашылық жолдары жаңаша көзқараспен шолынады.

Ғалым соңғы жылдары түркі әлемінің рухани құндылықтарын зерттеумен айналысып жүр. Оның түркі әлемінің рухани жұлдыздары Айтматов, Әуезов, Бабыр, Жабид, Қорқыт, Құдайбердіұлы, Мақтымқұлы, Мамедкулизаде, Мүсірепов, Мұқанов, Науайи, Низами, Сабыр, Торайғыров, Төрехұлов, Физули жайлы еңбектері жарық көрген. Сондай-ақ түркі халықтарының тарихи тағдыры, болашағы жайлы тілдік тұрғыдан көлемді еңбек жазып жүр.

Ғалымның жетекшілігімен он шақты кандидаттық диссертация қорғалды.

Д. Ысқақұлы – қазір С. Демирел атындағы университеттің ғылыми журналы «СДУ хабаршысының» бас редакторы, «Қазақ және әлем әдебиеті», «Тұрмағамбет» журналдарының алқа мүшесі, «ДА» халықаралық қоғамдық қозғалысының мүшесі, Отырар ауданының құрметті азаматы.

Белгілі әдебиеттанушы ғалым, профессор Дандай Ысқақұлы жайлы ғылыми һәм танымдық «Белес» (2010) атты кітап жарық көрген.

Ол «Мәшһүр Жүсіп Көпеев атындағы медальмен» және «Сұлтанмахмұт Торайғыров атындағы алтын медальмен» (2011) марапатталған.




3 бөлім

СУРЕТТЕР СӨЙЛЕЙДІ



Ұстаздарымыз – Әлишериев Құрманбай мен Мұғжанова Алма

Жарылқап Бейсенбайұлы



Моңғолиядағы Күлтегін жазбаларының жанында



Халықаралық ғылыми басқосуда

Бекмаханова Ұмсын



1967 жыл




Демалыста



2012 жыл

Рысқұлбек Жаппарқұлұлы



Сыныптас досы Аман Ордабаевпен бірге




Ағайын-туыстар арасында



Академик Рахманқұл Бердібаймен бірге



Отбасына жиналганда



Дербісов Ақмолда



Құдалармен бірге



Ақмолданың әулеті шаңыраққа жиналғанда

Дәулетбаева Тұрғанкүл



Жарқынбекова Қыздығой



*Жұбайы
Әсетов Беласармен
бірге*

Отбасында



*Отбасы
қуанышында*

Жортуыл Шырынбек



Шырынбек – бухгалтер



Анасы Анар, агасы Әшірбек, інісі Керімбек



Шырынбек әйелі Тұғанкул балаларымен



Студенттік жылдар

Исақұлова Әсемкүл



Студенттік жылдар



Немерелерімен





Алматы, 1968 жыл



Аудандық комсомол қызметкерлерімен, 1970 жыл

Киізбаев Тасболат



Тасболат пен жұбайы Ұлдардың студенттік кездері



Той – халық қазынасы



Ұл-қыз, немерелерімен

Қайназарова Гүлшаһар

*Гүлшаһар мен жолдасы
Хамит немересі Азаттың
мектеп бітіру соңғы
қоңырауында*



Ұл-қыздарымен бірге



Хамит пен Гүлшаһар немересі Азатпен Алматы қаласында




Хамиттің 70 жасқа толған мерей тойында


Қасымбекұлы Мыңжасар



Сыныптас досы Нәсірмен бірге



Отбасында



Әкем Мыңжасар мен анам Сара немерелерімен



Әкем мен анам ұлы мен келінінің, немересінің алдында

Момбеков Өмірбай



Демалыс кезінде



Ағайынды Серікбай, Базарбай, Өмірбай, Жаңабай аналарымен



Өмірбай ашық сабақ өткізуде



Өмірбай қызметтестерімен



Қамбаров Сұлтан



Жұбайы Құттықызбен



Темір тұлпарымен




Сұлтанның әулеті

Нұрлыбеков Амангелді



*Зарина мен
Нұрлыбек*


*Үлкен ұлы
Бауржан мен
келіні Гауһар
балаларымен*



*Екінші
ұлым
Сежанның
отбасы*



*Ұлы Жеңіс пен келіні Дананың шаңырағында немерелері –
Асылай, Динара мен Айбектермен бірге*



*Төртінші ұлым
Әлжан мен келінім
Салтанат*

Нұров Төрербай



Отбасылық сурет:

Қадір, Гүлзинат, Жаннат, Әділ, Еділ, Науат және мен (1990)

Ордабаев Амангелді



Амангелді, Ұлбала немересі Әйгеріммен санаторийде



*Амангелдінің әкесі Құтым, анасы Қалтай, інілері
Абдолла, Мақсұт қарындасы Сәуле, келіншегі Ұлбала,
келіндері Сәуле, Анар*



*Амангелдінің үйі қонақсыз болмайтын, оң жақтан үшінші
Қазақстанның Бразилия, Аргентина, Чили мемлекеттеріндегі
елшісі Бахыт Ордабаев*



*Амангелдінің 60 жылдық мерейтойы:
балалары, немерелері және ағайындары*


Орынбеков Абылайхан



Жубайымен



Ұл-қыз, немерелерімен



Ұстаздық еткен жалықпас...

ТҮРКИСТАН

Сөзі: Магжан Жұмбаевтікі.

Әні: Абылайхан Орынбековтікі.

1. Түркістан – екі дүние есігі ғой,
Түркістан – ер түріктің бесігі ғой.
Тамаша Түркістандай жерде туған,
Түріктің тәтірі берген несібі ғой.

Қайырсыз:

Ертеде Түркістанды Тұран дескен,
Тұранда ер түрігім туып-өскен.
Тұранның тағдыры бар толқымалы,
Бастың көп тамаша күндер кешкен.

2. Тұранға жер жүзінде жер жеткен бе?
Түрікке адамзатта ел жеткен бе?
Кен ақыл, отты қайрат, жүйрік қыял,
Тұранның ерлеріне ер жеткен бе?

Қайырсыз:

Тұранда түрік ойнаған ұқсап отқа,
Түріктен басқа от болып жан туып па?
Көп түрік еңші алысып тарақанда,
Қазақта қара шапырақ қалған жоқ па?!

3. Шер батса кім ілемес туған елін,
Тұлпар да көксемей ме туған жерін?
Арқаыл ардагері – қалың ағаш,
Тұран да, біле білсең, сенің жерің!

Қайырсыз:

Ертеде Оқыл, Яқсарл – Жейкүн, Сейсұн,
Түріктер бүт сөкүйі дария дейтін.
Киелі сұл екі су жағасына,
Батмаса, барсаңшы ідеп бабаң бейтін.

Сөзін жазған: Абылайхан Орынбеков

1. Түр-кі-стан-е-кі дү-ни-е е-сі-гі
ғой. Түр-кі-стан-ер-тің бесі-гі
ғой. Та-ма-ша Түр-кі-стан-дай жер-де ту-ған.
Тү-рік-тің тәті-рі бер-ген не-сі-бі ғой. Ерте-
де Түр-кі-стан-ды Тұ-ран де-ген, Тұ-ран-
да ер тү-рі-гім ту-ып-өс-кен. Тұ-ран-
ның та-ғ-ды-ры бар тол-қым-алы. Бір-дан
көп та-ма-ша күн-дер кеш-кен.
2. Тұ-ран-ға жер жү-зі-нде жер жет-кен бе?
Тү-рік-ке ад-ам-зат-та ел жет-кен бе?
Кен ақ-ыл, от-ты қай-рат, жүй-рік қы-ял,
Тұ-ран-ның ер-ле-рі-не ер жет-кен бе?
3. Шер бат-са кім і-лемес ту-ған е-лін,
Тұл-пар да көк-се-мей ме ту-ған жер-ін?
Ар-қа-ыл ар-да-гері – қал-ың а-ғаш,
Тұ-ран да, бі-ле бі-лсең, се-нің жер-ің!
4. Ерте-де Оқ-ыл, Яқ-сарл – Жей-күн, Сей-сұн,
Тү-рік-тер бүт сөк-үйі да-рия дей-тін.
Ки-елі сұл екі су жа-ғасы-на,
Бат-маса, бар-саңшы і-деп ба-баң бей-тін.

Пазылбеков Жанәділ



Ұлымен



Кұдай қосқан қосақ Жанәділ мен Тұрсынқұл



*Отырғандар, Жанәділ, Тұрсынқұл, Ернұр, Ақботаиш
немерелері; тұрғандар, Райхан келіні, Бердіқұл ұлы,
Ерзат немере, Меруерт келіні*



«Соңғы нұсқаулар»



Шаруаның жұмысы жалғаса береді

Рәтқұлұлы Асқар



Мәнсүрқызы Сайлауқұл – Рәтқұлұлы Асқар



Сайлауқұл ұлы Елдос және немерелері



Ұлымыз Елдос, келінім Манат пен немерелерім



*Ұлым Жандос, келінім Меруерт, үлкен қызым Аягөз,
күйеу балам Жеңіс ағайын-туыстарымен*



*Қызым Ұлжан, күйеу балам Сейділда, әсиеніміз
Бауыржан отбасы мүшелерімен бірге*



Сайлаукүл қызы Эльмира мен немерелері ортасында

Садықбеков Есенғали



Есенғали мен Әуелай, келіні Айнұр, немересі Жұбанышпен



Есенғалидың 60 жылдық тойында кластастармен бірге



60 жылдық тойымызда отбасы мүшелерімен бірге



*Қарындастарым Әсия, Ақмарал және
күйеу баламыз Бауыржан*

Төлегенова Рысты



Кіші балам Сәбит, әжубайым Сәдірхан, келінім, немерем

Бүгінгі күні 100 жасқа жеткен Төлегенова Рысты



Отбасында



Ағайындарымен



Құдалармен кездесу



Ұлыммен немеремді шипажайға апарған кезде

Төлеубаев Серік

Жұбайы Балқашпен



Әріптестерімен





Отбасымен



Демалыста

Төрегелдиев Қалмахан



*Аға лейтенант
Төрегелдиев Қалмахан*



Майор Төрегелдиев



*Класс жетекшісі Ө. Мамасеріков, Алма апай және Қалмахан
жсиырма жыл өткен соң*

Тілеукабылова Азиза



Жас жұбайлар



От басында



Қажылықта

Шотыбаев Тоқтасын

*Тоқтасын Шотыбаевтың
оқушы кезі*




*Қазіргі зейнеткер
Тоқтасын*




Ысқақұлы Дандай



Дандай мен Ұлман




Отбасылық сурет



Абзал мен Айнұр



Түркі халықтары ақындар айтысында



Стамбулда



Шыңғыс Айтматовпен бірге



Түркияның бұрынғы президенті Сүлеймен Демирелдің қабылдауында (Анкара)

史诗研究国际峰会·北京
INTERNATIONAL SUMMIT ON EPIC STUDIES, BEIJING



Әдебиеттанушылардың бірінші халықаралық конгресінде. Пекин, 2012 жыл

МАЗМУҢЫ

Алғысөз Жаппарқұлов Р.	3
1 бөлім. Өмір мектептерім	7
2 бөлім. Тұғырлы тағдырлар	35
3 бөлім. Суреттер сөйлейді	73

«Таңбалы» баспа орталығының президенті
Мырзабай ОМАР

Дандай ЫСҚАҚҰЛЫ

АРМАН
қуған 50 жыл

Редакторы Қуат ДҮЙСЕНОВ

Тех. редакторы Санат ТӨРЕБАЙҰЛЫ

Корректоры Айсұлу ОЙСЫЛБАЙ

Басуға 26.08.2014 ж. қол қойылды.

Пішімі 84x108 ¹/₃₂. Офсеттік басылыс.

Шартты баспа табағы 8,0.


Таралымы 60 дана. Тапсырыс 61.

Біздің мекен-жайымыз:

Алматы қ., Алатау ауд., Молодежная көшесі, 11-үй.

www.tanbaly.com. Электронды адресіміз: tanbalykz@gmail.com

Қалта телефондары: +7 701 710 21 94; +7 701 232 90 57; +7 700 492 87 48



*1936 жылы салынған Жамбыл атындағы орта мектеп
үйінің біз оқыған кездегі сыртқы көрінісі*

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ АРХИТЕКТУРА
ЖӘНЕ ҚАҒАЗАТ БИРОУНАРЫ МІНІСТІРЛІГІ



000001504900

Жамбыл атындағы орта мектептің қазіргі жаңа ғимараты

